

САИАСАТ

КАМЕРА ҚАЛТАҢЫЗДЫ ҚАҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ... 2-бет

КҰН ТÁРТІБІ

ЖОСПАР – АНЫҚ, ЖҰМЫС – ҚАРҚЫНДЫ 3-бет

DÚBIR

«АРБАТҚА» НЕГЕ АРБАЛДЫҚ? 4-бет

РҰНАНИАТ

САУАБЫ МОЛ МЕРЕКЕ 5-бет

АҚОРДА-АҚПАРАТ

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ ТҮРЛЕРІН НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕСІ ҚОЗҒАЛДЫ

Мемлекет басшысы Төрегелді Шармановты қабылдады

Сәрсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шармановты қабылдады, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Кездесу барысында денсаулық сақтау саласын дамыту және ұлттық тағам түрлерін насихаттау, қоғам мен билік арасындағы диалог, сондай-ақ, халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар, академик Төрегелді Шарманов қоғамды ұйыту, елдің бірлігін арттыру және жастар тәрбиесіне қатысты өз ойларымен бөлісті.



ЖАРЫЛЫСҚА ЖОЛ БЕРГЕНДЕР ЖАЗАЛАНДЫ



ҚР Президенті Өкімімен Арыстағы жарылысқа жол берген бұрынғы Қорғаныс министрі Қарулы күштер құрамынан шығарылып, үш жоғары әскери лауазымды тұлғаға қатаң сөгіс жарияланды, деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысының 7 тамыздағы Өкімімен өзіне жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде орындамағаны және қару-жарақ пен оқ-дәрілердің қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз ету жұмысындағы, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді сақтау объектілерін көшіру және орналастыру бағдарламасын іске асыру кезіндегі елеулі кемшіліктері, соның салдарынан Арыс қаласында орналасқан әскери бөлімшедегі қару-жарақтың жарылуына және қалада адам шығынына ұшыратқан ауқымды апатқа жол бергені үшін

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі болып қызмет атқарған Сәкен Әділханұлы Жасұзақов Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жүйесінен шығарылды.
2. Келесі лауазымды қызметкерлерге: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы Мұрат Кәрібайұлы Бектановқа;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы болып қызмет атқарған Мұрат Жәлелұлы Майкеевке;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары болып қызмет атқарған Талғат Жеңісұлы Жанжүменовке қатаң сөгіс жарияланды.

24 маусымда Арыс қаласындағы әскери бөлімнің қоймасында жарылыс болды. Жарылыс салдарынан қала тұрғыны мен екі әскери қызметші қаза тапты, 170-ке жуық адам зардап шекті. 20-ға жуық үй, 9 қора-қопсы жанып кетті. Сондай-ақ, үй-жайлар мен ғимараттардың 80-90 пайызына өртүрлі деңгейде зақым келді.

Түркістан облысына арнайы барған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Арыстағы әскери бөлімшедегі оқ-дәрі қоймасындағы жарылыстан зардап шеккен қала тұрғындарымен кездесіп, қаланың қалпына келтірілетініне уәде берді.

ҚР ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ

Халықпен жұмыс істеудің жаңа форматы

Өңірлерде азаматтарды қабылдайтын стандарттық фронт-офистер құрылады. Халықпен интерактивтік түрде өзара іс-қимыл жасау үшін мобилділік қосымша әзірленеді. Оның көмегімен азаматтар қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері (фото, видео) туралы хабарлай алады және кері байланыс орнатады.

Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен шарттарын жою бойынша қосымша шаралар

Сыбайлас жемқорлық түрлеріне тұрақты негізде талдау жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді барынша автоматтандыру шаралары қабылданады. Халықпен тікелей араласатын ІІО қызметкерлерінің видеотіркегішсіз жұмыс істеуіне жол берілмейді. Өзіндік қауіпсіздік жүйесін жаңаша ұйымдастыру бойынша қосымша шаралар қабылданады.

Полицияны артық функциялардан арылту

Ішкі істер органдарының құрылымын артық функцияларды арылту бойынша жұмыс жүргізіледі. Министрлік бірқатар объектілерді күзету функциясын бәсекеге қабілетті ортаға береді.

Қылмыстық-атқару жүйесін жаңғырту

ҚАЖ мемлекетінде зорлық-зомбылық қылмыстары үшін сотталғандарды және ұстау практикасын енгізуді, ҚАЖ мемлекетінде видеобайлау жүйесін кеңейту жоспарланған. Мемлекеттегі отқаландыру аясында 4-мемлекеті қасқарту жөзделеді. Қамалық топтамалардағы арналған тәрбиелік колонияларды Білім және ғылым министрлігіне және медициналық қамтамасыз етуді Денсаулық сақтау министрлігіне беру қаралады.

Азаматтық қорғаныс органдары

Өңірлік аэромобилді жедел-құтқару және жедел-құтқару жасақтарын Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметіне біріктіру арқылы онтайландырылады. Азаматтық қорғаныс қызметкерлерінің алғашқы даярлығын ұйымдастыруды қайта қаралады, ол Қошкету техникалық институтының.

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



11-13 тамыз аралығында мұсылмандардың Құрбан айт мерекесі атап өтіледі. Құрбандыққа шалынған малдың ауру болмауының алдын-алу мақсатында құрбандық шалу рәсімін төменде көрсетілген арнайы белгіленген орындарда өткізу қажет:

1. Строительный кентінде орналасқан «Жезқазған АКК» ЖШС;
2. Аварийный кентінде орналасқан «Құлжанов Д.» ЖК.

«Жезқазған қаласының ветеринария бөлімі» ММ

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЖЕЗКИИК» ЭТНО-МӘДЕНИ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ


Ұлытау ауданында 23-24 тамызда «Жезкиик» этно-мәдени Халықаралық фестивалі екінші мәрте өтеді.

Ол «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізіледі. Фестивальге атақты қазақстандық және шетелдік әртістер Carmen Guerrero Flanenco (Испания) ансамблі, сербиялық ұлттық «Абрашевич» оркестрі, DUHAJ оркестрі, итальяндық «MORESCA NOVA» тобы және басқалары қатысады.

Фестиваль 23 тамызда алау алаңында С. Әбдіғали, Д. Арқенов, К. Каренина, Б. Рахимжанов (гитара), В. Слепухин (гитара), А. Севостьянов (баян), Б. Смағұлова (күйші), Б. Танатаров (күйші) қатысуымен өтеді. Сондай-ақ, бұл кеште көрермендер назарына «Қазақфильм» киностудиясында және «DAR Play» студиясында түсірілген Amige фильмі ұсынылады.

Сенбі, 24 тамызда фестиваль «Атадан қалған асыл мұра» концертпен жалғасады. Оған Тәттімбет атындағы академиялық оркестр, С.Мұсайын, Д.Арқенов, Г.Тапай, Ж.Баспақова секілді солистер, А.Үлкенбаева (Алматы қ.), Ж.Жүзбаев (Нұр-Сұлтан), Ж.Сатыбалдиев (Алматы қ.), С.Тұрысбеков (Нұр-Сұлтан), «HasSak» этно-тобы (Алматы қ.) және Италия, Испания, Сербия, Венгриядан келген фольклорлық ансамбльдер қатысады.

Сондай-ақ, осы күні фестивалде «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі, Ақтоғай ауданының «Тоқырауын» фольклорлық халық ән-би ансамблі, домбырашылар ансамблі, дәстүрлі өнерді орындаушылар А. Қосанова, У. Байбосынова, А. Мұхит, жыршы Е. Шалдыбеков өнер көрсетеді. Іс-шараға сонымен қатар, белгілі



ақындар ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтаев пен Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Сара Тоқтамсынова қатысады. Фестиваль қонақтарына қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері тұсаукесер, бесікке бөлеу, беташар және т.б. көрсетіледі. «Жезкиик» этно-мәдени мұра фестивалі «Арлан»

ұлттық дәстүрлер театрының, қазақстандық эстрада жұлдыздары Қыдырәлі Болмановтың, Қарақат Әбілдинаның және «Дос-Мұқасан» тобының, «Ұлытау» этно-рок тобының және «Alatau serileg», «Назар» тобының (Алматы қ.), «Алтын батыр» степ-тобының қатысуымен өтетін гала-концертпен аяқталады.

Жомарт ТАЙМАС

Құрметті мұсылман қауымы, қадірлі жерлестер!

Барша мұсылман қауымы үшін ұлық болған Құрбан айт мейрамы құтты болсын!

Құрбан айт мерекесі – қазақ халқының салт-дәстүрімен біте қайнасып кеткен мейрамдардың бірі. Дана халқымыз ерте заманнан мұсылмандықпен ұштасқан адамгершілік қасиеттерді ту етіп, отбасы мен ағайын-туысты, жақындарды құрметтеп, қоғамдық қатынастарды бауырмашылдық пен жанашырлық көзқарастарға негіздеген. Осы ұстанымның арқасында ұлты мен діні басқа халықтарды да бауырына баса білді.

Құрметті жамағат! Ізгілік нұрын сепкен Құрбан айт мерекесі адамдарды шүкіршілік пен тәубаға, аманатқа адалдық пен сертке беріктікке шақыра отырып, халқымыздың бірлігін сақтап, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда.

Ұлық мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке тілейміз! Барлық ізгі тілек-ниеттеріңіз бен сауапты істеріңіз қабыл болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГИМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Құрметті құрылысшылар, құрылыс саласының ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мереке Құрылысшы күнімен құттықтаймыз!

Барлық кезеңдерде құрылысшы кәсібі әрдайым құрметке ие және оны қоғамда жасампаздыққа бағытталған істермен байланыстырады. Құрылысшы мамандығынсыз өмірді елестету мүмкін емес. Құрылысшылардың арқасында қала мен елді көркейтіп сән беретін бірегей ғимараттар мен құрылыстар пайда болады. Құрылысшылар, біздің өмірімізді жайлы және қолайлы етіп, үлкен қуаныш сыйлайды.

Осы тамаша мереке күні біз барлық құрылысшыларға кәсіби жетістіктері мен Жезқазған қаласын, сондай-ақ, Қазақстанның ең маңызды салаларының бірі болып саналатын бүкіл құрылыс саласын дамытуға қосқан баға жетпес үлестері үшін зор ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздердің қашанда жеңіс биігінен көрініп, күрделі кәсіптеріңізде толағай табыстарға жетулеріңізге тілектеспіз! Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға аманшылық, құт-береке тілейміз! Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГИМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

БАЛАҒА МЕКТЕП СӨМКЕСІН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАҢДАУ КЕРЕК

ДӨРГЕРЛЕР МЕКТЕП СӨМКЕСІН ТАҢДАУ КЕЗІНДЕ МЫНАҒАН НАЗАР АУДАРУҒА КЕҢЕС БЕРДІ:

- МЕКТЕП СӨМКЕСІНІҢ КӨЛЕМІ МЕН САЛМАҒЫ БАЛАНЫҢ БОЙЫ МЕН ЖАСЫНА СӨЙКЕС КЕЛҮІ ҚАЖЕТ.
- СӨМКЕҢІҢ САЛМАҒЫ КІТАП-ДӨПТЕРЛЕРДІ ҚОСПАҒАНДА 3 КЕЛДЕН АСПАУЫ КЕРЕК ЖӘНЕ БАЛАНЫҢ ӨЗ САЛМАҒЫНЫҢ ЕҢ КӨП ДЕГЕНДЕ, 10% ҚУРАУЫ ТИІС.
- СӨМКЕ ТҮТҚАСЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ РЕТТЕЛУІ ТИІС.
- СӨМКЕҢІҢ АРҚА ЖАҒЫ ҚАТТЫ ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК, ИЫҚБАУЫ КЕҢ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС.
- ЖАРЫҚ ШАҒЫЛЫСТЫРАТЫН БӨШКЕТЕРІ БОЛҒАНЫ ЖӘН. ЖҰРТУШЫЛАР ҚАРАҒЫ КЕЗДЕ ЖОЛДЫ КЕСІП ӨТІП БАРА ЖАТҚАН БАЛАНЫ БІРДЕН БАЙҚАЙДЫ.

Бір оқулықтың салмағы
1-4 сынып оқушылары үшін 300 граммнан аспауы керек
5-6 сыныптар – 400 грамм
7-9 сыныптар – 500 грамм
10-12 сыныптар – 600 грамм

АТА-АНАЛАР ОҚУЛЫҚТАР САЛМАҒЫ АСЫП КЕТКЕНІН АНЫҚТАҒАН ЖАҒДАЙДА 8 (1172) 74-18-18 ТЕЛЕФОННЫҢ НЕЙСЕ-БІР ДЕНСАУЛЫҚ САЛТАУ МИНИСТРІНІҢ ТАУАЛҒАН МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САЛТАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМУ КОМИТЕТІНІ САЙТЫНА ШАҒЫМ ТҮСЕ АЛАДЫ

SARYARQA-АҚПАРАТ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КӨМЕКШІСІ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Сәрсенбі күні Қазақстан Республикасы президентінің көмекшісі Аида Балаева елорда әкімдігінің ғимаратында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



Қабылдауға келген қала тұрғындары әртүрлі бағытта қатысты мәселелерді қозғады. Олар – жұмысқа орналасу, әлеуметтік жәрдемақы алу, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты мәселелер.

Азаматтар тарапынан түскен сұрақтардың 70 %-ға жуығы тұрғын үй, әлеуметтік қолдау және білім беру мәселелеріне қатысты болды.

Азаматтардың өтініштері мен ұсыныстарына жауап бере отырып, Аида Балаева тұрғын үйлер мемлекеттік тұрғын үй қорынан тек өз кезегімен берілетінін мәлімдеді. Сонымен қатар, тұрғын үймен және кез-келген көмекпен қамтамасыз ету тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындалатынын атап өтті.

Мектепке дейінгі білім беру проблемаларын көтерген қала тұрғындарының арасында балаларды мектеп формасымен қамтамасыз ету мәселесін көтерген аналар да болды. Қабылдауда көтерілген барлық сұрақтар нақтыланып, олардың шешімдері бақылауға алынды.

ҚР Президентінің көмекшісі Аида Балаева тиісті департамент басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Айта кетейік, Аида Балаевамен жеке кездесуге ниет білдірушілердің саны өте көп болды. Мәселелердің көпшілігі қала әкімдігі деңгейінде шешілу мүмкіндігіне қарамастан, тұрғындар Президент көмекшісіне деген сенімділіктері жоғары екендігін көрсетті.

«АРЫСТАН ЖҰМЫСТЫ АЯҚТАМАЙ ҚАЙТПАЙМЫЗ»

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев Арыс қаласында үйлерді қалпына келтіру жұмыстарының сапасыздығына қатысты ақпараттарға түсінік берді.

Біз тұрғындардан құрылыс жұмыстарына алаңдамауын сұраймыз. Бірде-бір шеңбер жұмысын аяқтамай қаладан кетпейді. Осы уақыт ішінде біз сіздермен бірге болдық және күн сайын 17 сектордың әрқайсысын тексеріп отырамыз. Ол үшін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың нақты тапсырмасы бар. Бұған қоса, ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин қаланы қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысу мақсатында апта сайын Арысқа ыссапар жасап, оны тікелей бақылауында ұстауда, – деп атап өтті Қайырбек Өскенбаев.

Оның айтуынша, Арыс қаласында жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен жүзеге асырылады.

Алдымен учаскеде шатыр ауыстырылады. Одан кейін мамандар терезелерді салады. Бұдан әрі жұмысқа әрлеушілер кіреді. Әрбір маман өз жұмысын орындап, тапсырады. Оның соңынан келесі маман іске кіреді. Яғни, үйлердің құрылысы мен қалпына келтіру жұмыстарының барлық кезеңі ұдайы бақылауда. Қаланы қалпына келтіруге рекордты көлемде құрылысшылар жұмылдырылды. Қажетті материалдар жеткілікті мөлшерде үздіксіз жеткізіліп, барлық 17 штаб күшейтілген кестеде жұмыс істеп жатыр, – деді бірінші вице-министр.

Қайырбек Өскенбаевтің сөзінше, құрылысшылардың үйлесімді жұмысының арқасында қысқа уақытта ауқымды жұмыстар атқарылды.

Бүгінгі таңда Арыстағы 6,7 мыңнан астам үйде негізгі қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 2,6 мың жеке және көпқабатты тұрғын үйде құрылысшылар косметикалық жөндеу жүргізуде.

КИІКТІ ДРОНМЕН САНАМАҚ

Нұр-Сұлтан қаласы маңында киік санағын жүргізетін ұшқышсыз ұшатын қондырғы сынақтан өтті.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің есебіне, бүгінде Қазақстан аумағында қалған киіктер саны – 334 мыңның шамасында.

Соңғы кезде браконьерлермен белсенді күрес жүргізіліп келетінін білесіздер. Киік басы санын сақтап қалу күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Таюда «Каспий Құбыр Консорциумы» киіктерге тағатын спутникті 30 қарғыбау тарту етті. Мұндай қарғыбаудың көмегімен киіктер қозғалатын жол бағытын біліп отыруға болады. Соңғы кезде орман қорына да шабуыл жасалып келеді. Сондықтан жаңа технологиялардың көмегімен қоршаған ортаны қорғау шараларын күшейту керек, – дейді Мағзұм Мырзағалиев.

«Каспий Құбыр Консорциумы» бас директорының орынбасары Қайыргелді Қабылдин алдағы уақытта бизнес пен мемлекеттің серіктестігі аясында экологиялық бағдарламаларын әлі де жалғастатынын жеткізді.

Қазақстанда 30-40 жыл бұрын киік саны 2 миллионнан асатын. Бүгінде олардың саны күрт төмендеп кетті. Ақ кейбір көрші мемлекеттерде дала жануары мүлдем жойылып кетті. Сондықтан, біз осы жануарлар қорын аман алып қалу үшін шамамыз келгенше көмек көрсетеміз, – дейді Қайыргелді Қабылдин.

Оның пайымдауынша, жануарлар қорын сақтап қалуға ғалымдар мен эколог мамандар, бизнес субъектері де атсалысуы қажет.

Айта кетейік, бұрын сыналған дрондар шет мемлекеттерде, әсіресе, көршілес Ресейде кеңінен қолданылып келеді. Қанатының ұзындығы 3 метрден асатын қондырғының салмағы 12 келі. Аппарат аспанда 4,5 сағатқа жуық уақыт қалықтайды. Шамамен 100 шақырым алқаптағы көріністі фото-видеоға түсіре алады.

ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ҚАРАЖАТ АУДАРУДАН АЛДЫҒЫ ОРЫНДА

Қарағанды облысының жұмыс берушілері медициналық сақтандыру қорына 16 млрд теңгеден астам ақша аударған. Республика бойынша барлық түсімдердің 8,2%-ы біздің өңірге тиесілі. Бұл – Алматы (20,7%) және Нұр-Сұлтан (12,4%) қалаларынан кейін еліміз бойынша үшінші орын, ал облыстар арасында бірінші орын.

Республикада 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап 2019 жылдың 31 шілдесіне дейінгі кезеңде жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер міндетті медициналық сақтандыру үшін 195,7 млрд теңге аударған.

Қарағанды облысы бойынша қордағы аударымдардың жалпы сомасы 16,02 млрд теңгені құрады, оның ішінде 15,4 млрд теңге (96,1%) жұмыс берушілердің аударымдары, 606,7 млн теңге (3,9%) – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер мен тұлғалардың жарнасы, – деп түсіндірді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ЕКЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаев.

МӘМС-дан түскен барлық қаражат сенімгерлік басқару шарты жасалған Ұлттық банкте сақталады. Кейіннен бұл ақша медициналық сақтандыру бойынша қызметтерге ақы төлеуге жұмсалыады.

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

БЕС МЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БІЛІМ ГРАНТЫ:

қай өңірге, қанша бөлінді?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бөлінген 5 мың әлеуметтік білім грантын жергілікті атқарушы органдар конкурстық негізде үлестіреді. Бұл үшін облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдерімен конкурстық комиссиялар құрылатын болады.



ҚР Білім және ғылым министрлігінен мәлім еткендей, гранттарға көпбалалы немесе атаулы әлеуметтік көмек көрсетілетін отбасылардан шыққан балалар үміткер бола алады.

5 мың білім гранты өңірлерге әртүрлі бөлінген. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан қаласына – 165, Алматы қаласына – 190, Шымкент қаласына – 390, Алматы облысына – 540, Ақмола облысына – 390, Ақтөбе облысына – 180, Атырау облысына – 220, ШҚО-ға – 180, Жамбыл облысына – 460, БҚО-ға – 100, Қарағанды облысына – 195, Қостанай облысына – 85, Қызылорда облысына – 390, Маңғыстау облысына – 305, Павлодар облысына – 75, СҚО-ға – 60 және Түркістан облысына 1345 грант бөлініп отыр.

Конкурсқа қатысу үшін 2019 жылғы маусым айында өткізілген ҰБТ-да шекті балл жинау маңызды болып табылады.

«Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша – кемінде 65 балл басқа жоғары оқу орындарына – кемінде 50 балл «педагогикалық ғылым» бағыты бойынша – кемінде 60 балл жинау керек. Конкурсқа құжаттар 5 мен 10 тамыз аралығында қабылданады. Білім гранттарын тағайындау және жоғары оқу орындарына қабылдау 25 тамызға дейін жүргізіледі», – деді ҚР Білім және ғылым министрлігінен.

Грант иегерлерінің тізімін әкімдік жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын болады.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен көпбалалы және азқамтылған отбасылардың балаларына 5 мың білім гранты бөлінді. Президент бұл жұмыстың маңызды элементі әлеуметтік аз қамтылған халықтың ішінде талантты балалар мен жасөспірімдерді оқыту және жоғары оқу орындарына түсуге дайындау жүйесі болатындығын баса айтты.

Өз тілшіміз



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛУҒА АРТЫҚ ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙТАРЫЛАТЫН БОЛДЫ

Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитеті Қарағанды облыстық департаменті облыстағы энергиямен жабдықтаушы компанияларды азаматтардың артық төлеген қаражатын қайтарып беруге міндеттеді. Бұл туралы «Kazpravda.kz» жазды.

Қарағанды облысының тұтынушыларына құн салығын қоса алғанда жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне төлеген 251 миллион теңге қайта есептелетін болады, – дейді Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитеті Қарағанды облыстық департаментінің басшысы Арман Өтегенов.

Мұнда ең көп зардап шеккен Теміртау қаласының тұрғындары көрінеді. Оларға жабдықтаушы компания 144,5 млн теңге қайтарады. Қарағанды қаласының тұрғындары 76,9 млн теңгенің жылуын алмағаны анықталса, сәтбаевтықтар 10,9 млн теңге артық төлеген.

Дархан МҰХАН



Дипломмен ауылға:

АУЫЛДА ЖҰМЫС ІСТЕУ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРДЫ



Ұлттық экономика вице-министрі Ермек Алпысов «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша мемлекеттен әлеуметтік қолдау алған жас маманның міндетті жұмыс істеу мерзімі 5 жылдан 3 жылға нәліктен қысқартылғанын түсіндірді. – Мамандардың міндеттерін орындау мерзімі, яғни ауылда жұмыс істеу бойынша міндетті мерзімі 5 жылдан 3 жылға қысқартылды, – деді Ұлттық экономика вице-министрі Ермек

Алпысов Үкіметтің баспасөз орталығында.

3 жылдық мерзім жас маманның ауылда орнығуына жете ме? Бұл сұраққа вице-министр былайша жауап берді: – Ауылда тұру мерзімі нәліктен қысқартылды? Бұл өзгерістің енгеніне біршама уақыт болып қалды. Бағдарламаға қатысушылардың талап-тілегіне және жергілікті атқарушы органдардың сұранысына қарадық. Біз әрбір адамның конституциялық құқығын шектей алмаймыз. Әр жас маманның өзінің өмірі, отбасылық жағдайы болуы мүмкін. Сол себепті, Үкіметтің қаулысымен бірнеше жыл бұрын мерзімді 5 жылдан 3 жылға қысқарту туралы шешім шыққан еді. Егер аймақтар жас мамандардың міндетті жұмыс істеу мерзімін ұзарту туралы ұсыныс білдірсе – мархабат, қарастыруға дайынбыз, – деді Ермек Алпысов.

Сондай-ақ, Ермек Алпысов «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 5172 маманға бір реттік көтерме жәрдемақы берілгенін хабарлады. – Жобаның негізгі мақсаты – әлеуметтік қолдау көрсету арқылы ауылдық жерлерде әлеуметтік сала және агроөнеркәсіптік кешен мамандарын ынталандыру мен бекіту. Қатысушылар – денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында жұмыс істейтін дипломы бар мамандар», – деді Ермек Алпысов Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихаты барысында.

Вице-министрдің айтуынша, көтерме жәрдемақы көлемі 100 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Биылғы жылы – 252 мың 500 теңге. Он жылдық ішінде көтерме жәрдемақысын 60 мыңнан астам адам алған. Сонымен қоса, ауылға келген мамандарға баспана алуға жеңілдетілген несие беріліп келеді.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ БАЛАЛАРЫН ТЕГІН СҮНДЕТКЕ ОТЫРҒЫЗАДЫ

Аталмыш қайырымдылық акциясы облыстық балалар клиникалық ауруханасында іске қосылды. Шара барысында 21 балаға хирургиялық көмек көрсетілетін болады.

Циркумцизия (сүндеттеу) процедурасы фимоз сияқты көрсеткіштер болғанда ғана тегін орындалады. Ал баласын дестүрге сай сүндетке отырғызығы келетіндерге жеке дәрігерлерге өтініш беріп, 20-дан 30 мың теңгеге дейін қаражат беруге тура келеді. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасында осы рәсімді өз бетінше төлеуге мүмкіндігі жоқ, көп балалы отбасылардың тізімі жасалды. Ер балаларға облыстық балалар клиникалық ауруханасының үздік хирург-урологтары ота жасайды.

Біз әр отбасына қонырау шалып, кесте құрдық. Ата-аналарға қандай күні циркумцизия өткізуге ыңғайлы болатынын ескердік. Процедура алдында балалар тексеруден өтіп, қажетті талдауларды тапсыруы тиіс. Қазіргі таңда 11 балаға операция жасалды, – дейді облыстық балалар клиникалық ауруханасының директоры Арын Бидайбаев.

Циркумцизия жасауға жарты сағаттай уақыт кетеді және жергілікті анестезиямен жүргізіледі. Өз тілшіміз



КАМЕРА ҚАЛТАҢЫЗДЫ ҚАҚПАСЫН ДЕСЕҢІЗ...



Қала көшелеріне бейнебақылау камералары орнатылғаны бұған дейін де хабарланған болатын. Аталған камералар құр тұрмай, түрлі құқықбұзушылық фактілерін тіркеп алатынына мән бермеген көп жүргізуші полициядан әкімшілік хаттама келгенде аң-таң болып жатқан жайы бар.



Бүгінде камералардың көмегімен 78 құқықбұзушылық тіркелген. Көбінесе жүргізушілердің қауіпсіздік белдігін тақпай немесе ұялы телефонмен сөйлескені, жаяу жүргізушіге жол бермей, бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткені камераға жазылып қалған. Енді олар «қолымен істегенін мойнын көтеріп», белгіленген мөлшерде айыппұл төлейтін болады.

Естеріңізге сала кетсек, биыл сәуірде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен қала көшелеріне 105 бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның 7-еуі – жылжымалы күмбезді цифрлық камера. Ол 360 градус бағытқа бұрылып құқық бұзушылықтарды тіркейді. Әзірге бұл жүйе толық автоматтандырылмаған. Оператор заң бұзған көліктің нөмірі мен бағытын жол патрульдік қызметіне хабарлайды. Олар өз кезегінде жол ережесін бұзған жүргізушіні тоқтатып,

хаттама толтырады. 86 цифрлық-стационарлық камера да қала көшелеріндегі ахуалды бақылауға мүмкіндік беріп, тәртіп сақшыларының жұмысын жеңілдетті. Қаланың кіреберіс және шығарыс жолдарына орнатылған «Рубеж» камералары іздеу жарияланған көліктерді анықтауға жол ашты. Даңқ алғасы мен Алғашқы құрылысшылар, Қ.Сәтбаев алаңдары мен автовокзалға қойылған жедел полиция терминалдары да – қала тұрғындарының қауіпсіздігі мен сақтығын қамтамасыз етуде таптырмас құрал. Өміріне қауіп төнген кез келген азамат терминалдары дабыл тегі арқылы көмек шақыра алады.

Жезқазған қалалық полиция басқармасы қазіргі таңда тәртіп сақшыларын осы камералардың қырсырын меңгеруге баулуға. Алдағы уақытта бейнебақылау камераларының көмегімен құқық бұзғандарды анықтайтын арнайы маман болады. Бұл өз кезегінде заңды белден басқандарды анықтап, жауапқа тартуға оң әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан, камера қалтаңызды қақпасын десеңіз...

Диана ОРАЗАЛПИНА

ЖҰМЫСТЫ ШИРАТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Қоғамдық сананы өзгерту арқылы елімізді жаңа белеске шығаруды мақсат тұтқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының Жезқазған қаласында іске асу барысын арқау еткен жиынды қала әкімі Қайрат Бегімов жүргізді.



Бағдарлама негізінде 2017 жылдан бері атқарылған жұмыстар жөнінде қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова баяндама жасады. Ол өз сөзінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мысты қалада 14 жоба іске асыру жоспарланғанын айтты. Бүгінде оның 12-сі толық аяқталған. Атап айтқанда, Кетбұқа жырауға ескерткіш орнатылып, бес мектеп көп салалы хоккей кортымен жабдықталды. Кәсіпкерлер қауымдастығының қолдауымен тұрғындар игілігіне «Стрит воркаут» алаңы берілді.

Сонымен қатар, «Жаңа өлеңмен жүздесу», «Ата-бабам – салт дәстүрім» этнофестивалі, «Қазақтың келіндері-ай», «Ардақты әже», «Мерейлі отбасы», «Жақсылық жаса», «Арқа аруы» сынды ұлттық күнделікті насихаттап, өткенге бойлапатын көзделулер ұйымдастырылған. Кеше ғана салтанатты түрде



ашылған «Ғарышкерлер» бульварының да жаңа мазмұнға ие болуы осы мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде жүзеге асқанын айта өткен жөн. «Қазақмыс» корпорациясы өз қаржысы есебінен бульварды абаттандырып, жабдықтады.

Жыл соңына дейін «Жаңа өлеңмен жүздесу» және «Өнер айдынында» атты жобаларды жалғастыру жоспарланған. 2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тағы 13 жаңа арнайы жобамен толыққандықпен Жезқазған жоспарына 24 жоба енгізілді. Олар: IT-сыныптар мен робот техникасы сыныптарын ашу,

«Сарбаздар» ескерткішін жөндеуден өткізу, халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі түрлі мазмұндағы мәдени, спорттық шаралар ұйымдастыру.

Жылы соңында сөз алған Қайрат Баяндыұлы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мән-мағынасын мемлекеттік мекемелер әлі де жіті түсінбегеніне назар аудартып, бағдарлама аясында халыққа, қалаға пайдасы зор жобаларды қолға алу барлық салада жүзеге асуы керектігін қадап айтты. Сондай-ақ, жобалардың санын 24-тен 50-ге дейін жеткізуді тапсырды.

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ ЖАҒАЛАУ ТАЗАЛЫҒЫ – НАЗАРДА

Барша қазақстандықтар қолдау танытқан «Birge – Taza Qazaqstan» эко-челлендж түріндегі жалпыхалықтық акция Жезқазғанда өткен аптада да жалғасын тапты. Осы жолы қала әкімі Қайрат Бегімов бастаған мемлекеттік мекеменің қызметкерлері Кеңгір жағалауын қоқыстан тазартты.



Қаладағы жалғыз тіршілік көзі саналатын су қоймасының жағалауы жазда тұрғындар жанына сая болса, ақ қарда қыс қызығына бойлатады. Дегенмен, тұрғындар Кеңгірдің қадірін біле бермейтіні, оның қоқыстан көз ашпайтынын ақ байқауға болады. Жағалаудың бойынан қап-қап қоқыс шыққанда, «қап-ай, осы суда шомылып, ішеміз де ғой» деп амалсыз қынжыласың. Демалуын демалып, соңынан жинамай кеткен жерлерестерге ренжисің. «Жиналған жер емес, шашылмаған жер тазар» деп ұрандаудан да жал-тырық, Жетесіз қала тұрғындарын тәртіп пен тазалыққа шақырып жолы айыппұл салу сияқты. Қалтасы бір қағылған соң, ойланары анық. Сондықтан, тәртіп сақшыларының құлағына алтын сырға.

«Лагуна» жағажайынан «Даңқ» аллеясына дейінгі 30 га жерді тазалаған мемлекеттік қызметшілердің қалпыштары он-он бес минутта қоқысқа толды. Жұмылдырылған үш

арнайы техника да дамыл таппады. – Қала тазалығы – бәрімізге сын. Жезқазғанның суын ішіп, ауасын жұтқандықтан табиғатты ластау қиянат жасаумен тең. Ортақ үйіміз Жезқазғанға жанашырлық жетпей тұр. Сондықтан, өзімізнен бастауы керек, – деген жас мемлекеттік қызметші Мақпал Смаилова жезқазғандықтарды сенбіліктерге қатыспаса да, табиғатты аялауға шақырды. Ал күннің ыстығына қарамастан, туған жерге пайдасын тигізуді мақсат тұтып, жағалауда қоқыс терген қызметшілерге риза болысқан, балықшылар алғысын жеткізіп жатты.

– Таза жерде демалып, балық аулаудың өзі бір ғанибет. Суға қармақты салмас бұрын, маңайымызды жинап, сыпырамыз. Өйтпеске болмайды да. Көріп тұрғандарыңыздай, жауапсыз тұрғындардың ішкені де, жегені де сол қалпы қалады. Мұндай қылық танытатын есті, егде адамдар екені сөзсіз. Сонда, олар ұрпағына қандай үлгі көрсетеді? – деген Александр есімді балықшының сұрағына жауап табу қиын. Әйтсе де, қала тұрғындары әлі де өзгенің еңбегін бағалап, қолыңды суының бос бөтелкесін екі аттам жердегі қоқыс жәшігіне тастайтынына сенеміз. Өйткені, біз ұят дегенді естіп өстік...

БУЛЬВАРДАҒЫ ОЙЫН-САУЫҚ АЛАҢЫ

қала тұрғындарының көңілінен шықты

Күні кеше ғана ел игілігіне берілген жаңартылған «Ғарышкерлер» баққолында күнде жиын, күнде той. Жезқазғандықтар сүйікті демалыс орнына айналып үлгерген осы мекенде енді қала әкімдігінің ұйымдастыруымен түрлі мазмұндағы мәдени-сауықтыру шаралары өтпек. Тұрғындарды көңілің көтеріп, ұмытылмас әсер сыйлайтын кездесулердің шымылдығын қалалық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған концерттік бағдарламамен түрлі.



Бала-шағасын ерткен қала тұрғындары әуезді ән төгілген субұрқаққа қарай ағылды. Мұнда қала жастары тамылжыта ән салып, замануи билерден шашу шашты. Қалың көрерменнің арасынан қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова да табылды. Ол жезқазғандықтарды мысты өлкенің 65 жылдық мерейтойымен

құттықтап, әскер қатарында борышын өтеп жүрген Құралбек Жақаншаның анасына құрмет көрсетті. Күзде сарбас салына алынған Құралбек қазір Отан алдындағы борышын Зайсандағы шекара бекетінде абыроймен өтеп жүр. Осы ретте 2017 әскери бөлімінің командирі Е.Тұрғынбаев сарбаздың анасы Гүлшар Қалиеваға нағыз ер тәрбиелегені үшін Алғыс хат жолдапты. Бауыр еті баласы артан сенімді ақтай білгеніне қуанған өке-шешеге Жезқазған қаласының қорғаныс ісі жөніндегі басқарманың



басшысы Марат Шакуанов та өз кезегінде ризашылығын білдірді.

Мира Сабырқызы мен Әділет Мақажановтың орындауындағы әндер жиналғандарды әуенте ілесу билеуге шақырып тұрды. «Диндалле» көріс халықтық ансамблінің жанындағы би тобының ұл-қыздары ұсынған билер көптің көзін қуантты.

– Өте жақсы бақтама. Жанды дауыстағы әндерді күнде ести бермейміз. Қаланың жас өнерпаздарды халық арасында танытуға да зор мүмкіндік. Бір серпіліп қалғанымыз рас. Алдағы күндері де мұндай кештер өз жалғасын тапса, – деген қала тұрғыны Зейнеп әжейдің тілегі орындалмақ. Әр аптаның жұмасы сайын «Ғарышкерлер» баққолы ойын-сауық алаңына айналып, мұнда концерттік бағдарламамен қатар, спорттық ойындар, тренинтер өткізу жоспарланған.

11 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

ЖОСПАР – АНЫҚ, ЖҰМЫС – ҚАРҚЫНДЫ

Қаланың көркеюі, жыл өткен сайын жаңа нысандармен толығуы, әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің артуы мен инфрақұрылымның дамуы құрылыс қарқынына тікелей байланыс. Осы ретте Жезқазған қалалық құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы Гүлнәзиза ТӘДЖИЕВАДАН аталған салада қандай жаңалықтар барын білген едік.

– Біраздан бері ірікіліп қалаан тұрғын үй құрылысы соңғы уақытта қайта қарқын ала бастағанын куәландырады. Әлеуметтік-мәдени маңызы бар нысандар да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Сол жайында тарақты айтамын.

– Шаһар шырайын арттыра түсетін композициялық нысандардың санын арттыру жоспарланған ба? Болашақта Жезқазғанның қай ауданы көркейеді? – Жезқазғанның сәні мен сұлулығын келістіру күнәрттігінен түспек емес. Өткен жылдың өзінде «Qazaqstan», «I love Zhezkazgan» композициялары орна-

тартылып, саябақ жарықтандырылды. Балалар ойын алаңдары мен «Жан жүрегі» – Жезқазған композициясы орнатылды. Аталмыш демалыс орында жасөспірімдер мен ересектердің де бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасалуда. Қыркүйек айында қала тұрғындары «Жастар» саябағын жаңа кейпінде тамашалайды деп жоспарланған.

– Көпке шаралаты түген «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін инженерлік инфрақұрылымды дамыту көзделген бе? – «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде 2014-2017

жылғы құны – 376,318 млн теңге, ұзындығы – 17,5 км. Бас мердігер – «ТРИУМФ 2030» ЖШС. Батыс тұрғын ауданындағы жеке меншік тұрғын үйлер салынуын орының (электрмен жабдықтау) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (2-кезек, 501 учаске). Жобаның жалпы құны – 347,436 млн теңге, ұзындығы – 40,658 км. Бас мердігер – «ОрдаҚұрылысы» ЖШС. Батыс тұрғын ауданындағы көп қабатты тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру (сумен жабдықтау, көріс тарту, жылумен жабдықтау, байланыс жүйесі, электрмен жабдықтау). Электрмен жабдықтау құрылысына 150,8 млн теңге жұмсалса, қалған желілерге 376,3 млн теңге жоспарланған. Сумен жабдықтауға «Dike» ЖШС міндетті болса, өзге жұмыстарды «НЦТ» ЖШС компаниясы жүзеге асырмақ. Қалалық бюджетті нақтылау ба- нысында Батыс тұрғын ауданынан жеке меншік тұрғын үй құрылысы үшін 300 жер теліміне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (3-кезек) тартудың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат суралатын болады.

– Жүргізіліп жатқан құрылыс сапасын бақылау қалай жүзеге асырылады?

– Құрылыс нысандарының сапасын тексеру мақсатында, құрылыс бөлімінің бұйрығымен комиссия құрамы бекітілген. Бекітілген комиссия мүшелері мониторинг жүргізеді. Комиссия құрамына қала әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» партиясының өкілдері, қалалық маслихат депутаттары, мүгедектер қоғамының өкілдері, қалалық қоғамдық кеңестің мүшелері және «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» ММ мамандары енгізілген. Сондай-ақ, мемлекеттік техникалық және авторлық бақылаудың да мамандары құрылыстың сапасын жіті қадағалайды.

– Келер жыл қандай жағымды жаңалықтарымен қуантпақ?

– 2020 жылы қаламыздың Батыс ауданында арендалық және кредиттік тұрғын үйлердің құрылысы жоспарлануда. Сондай-ақ, оларға инженерлік коммуникация тартудың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы көрсеткішін арттыру мақсатында, соның ішінде сапалы ауыз сумен қамту бойынша қала ішіндегі су құбырларын қайта құрылымдаудың 2,3-кезек жобалары 2017 жылдан бері жүргізілуде және ағымдағы жылы қала ішіндегі су құбырларын қайта құрылымдау 1-кезек жобасы басталды. Шаруашылық-ауыз су тазарту ғимаратынан қайта құрылымдаудың бірінші кезегі 127,5 млн теңге қаражат есебінен аяқталды. Сонымен қатар, келесі жылы ескек есу спорт кешенінің құрылысы жоспарланған. Бүгінде оның жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Сараптаманы қорытындысын алу күні – болжаммен тамыз айының соңы. Құрылыстың жалпы құны 700 млн теңгені құрап отыр.

– Уақыт тауып, сурақтарға жауап бергеніңізге рахмет. Жезқазғанның гүлденуі жолында еңбек етіп жүрген ұжымыңызға табыс тілейміз.



тылды. Қала көшелері мен демалыс орындарына гүлзарлар орнату да ұдайы назарда. Сонымен қатар, ескерткіш пен мүсіндердің күтіп баптауға, оларды жөндеуге де көп көңіл бөлінеді.

2017 жылдан бастап жезқазғандықтардың сүйікті демалыс орны «Жастар» саябағын қайта құрылымдау жұмыстары басталған болатын. Жобаның сметалық құны – 292,24 млн теңге. Бас мердігер – «Құрылыс» ЖҚ. 2019 жылға қалалық бюджеттен 23,828 млн теңге қарастырылған. 13 828 млн теңге қаражат игерілді. Осы қаражат есебінен 59 455 дана көпжылдық гүлдер егілді (петунья, тагетис, цинерация). Сонымен қатар, кіре беріс аркасы заманауи жарықтандырумен жабдықталды. Суару желісі

жылдар аралығында Батыс тұрғын ауданындағы жеке меншік тұрғын үйлер құрылысына (сумен жабдықтау, көріс тарту, жылумен жабдықтау, байланыс жүйесі, электрмен жабдықтау) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы жүргізілді. Қазіргі таңда барлық жер телімі жеке меншік тұрғын үй салуға кезекте тұрған тұрғындарға толық көлемде үлестірілді. Биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын орындау мақсатында жалпы құны 1 млрд 200 млн теңге болатын төрт жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Атап айтқанда, Батыс тұрғын ауданындағы жеке меншік тұрғын үйлер салынуын учаскелерге (сумен қамтамасыз ету) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (2-кезек, 501 учаске). Жобаның

ҚАЛА ДАМУЫНА ҚОМАҚТЫ ҮЛЕС ҚОСУДА

Жезқазғанның бас жоспарына сәйкес қаланың 7,8-ықшам аудандары құрылысының бүгінде 70 пайызы аяқталған. Қала сыртында жеке тұрғын үй құрылысы қарқын алып, бүгінде осы аймақта жүздеген үй салынды.

Сондай-ақ, бой көтерген салтанат үйлері мен мейрамханалар да ауданның сымбатына сән қосуда. 8-ықшам ауданына қарасты Алашахан даңғылы, 34 «Д» мекенжайы бойынша 2019 жылдың мамырында «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы басталса, ықшам ауданға баратын жолдың қарама-қарсы бетінде дарынды балаларға арналған мектеп ғимаратының іргетасы қаланды. Көп ұзамай аталған мекен сән-салтанаты келісқан сәулеті мен дәулеті арқан қонысқа айналмақ. Осы ретте кең дала- ның бойына қан жүгірткен құрылысшылардың еңбегін атаймыз кетпеске болмас. Сондықтан, құрылысшы күні қарсаңында атпап ыстыққа қарамастан тұрғын үйдің екінші қабатын көтеріп жатқан «Құрылыс» ЖҚ бригадасын құттықтай бардық.

– Қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысы бойынша бес қабатты тұрғын үйдің құрылысын бастадық. Жобаның құны 399 млн теңгені

құрайды. Төрт кіреберістен тұратын үйде 60 пәтер болмақ. Оның 30-ы – бір бөлмелі, 20-ы – екі бөлмелі және 10-ы – үш бөлмелі. Бір бөлмелі пәтердің ауданы – 27, ал үш бөлмелілер 76 шаршы метр. Тұрғын үйді 2020 жылдың желтоқсанында тапсыруымыз қажет. Бүгінде жұмыста іріліс жоқ. Жоспарға сәйкес жұмыс көлемінің 20 пайызын орындадық, – деп құрылыс жайында баяндады учаске басшысы Мұхит Сейітқазінов. Мұхит Сейітқазінов – өмірінң қырық жылғы осы салаға арнаған тәжірибелі маман. Жезқазған ҚСТБәев қалаларындағы көптеген тұрғын үйлерде оның қолтаңбасы бар. Соңғы жылдары ол Гагарин көшесінде салынған тұрғын үйге, «Жастар» саябағын жаңарту мен қаланың инженерлік-коммуникациялық желілерін жаңарту жұмыстарына жетекшілік етуде.

Құрылыс бригадасындағы 32 жұмысшының түгелі дерлік өз ісін жетік меңгергендер. Таңның атысымен көштің батысына дейін адал еңбек етіп, «құрылыс қателікті кешірмейді» дейтін



құрылыс биғадасы өзгенің өміріне жауапты екендерін ұғынады. Сондықтан әр кірпішті өз ретімен, тәртібімен қалайды.

– Құрылысшы мамандығы оңай дер емес едім. Дегенмен, жұмсалған күшім мен шаршаған күндерімнің бәрі баспаналы болған отбасын көргенде су сепкендей басылады, – деген бригада жұмысшылары кәсіби мереке қалада өз деңгейінде атап өтіліп, құршы қолды құрылысшылар мен сала ардагерлері елген деген тілектерін жеткізді.

Жоспар бойынша көп қабатты тұрғын үйдің пәтерлері өз иелеріне дайын күйде беріледі. Яғни, іші-сырты түгел өркенді. Сонымен қатар, үйдің айналасы абаттандырылып, орталық жолдан үйге дейін асфальт төселіп, балалар ойын алаңы орнатылады. Сәтін салса келер жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 80 отбасы өз қоныс тобын тойлайды. Олардың сол арманын өміршең етуге өздерінің қомақты үлестерін қосып жатқан құрылысшылардың ерен еңбегіне бас биіп, кәсіби мереке құтты болсын дейміз!

Бет материалдарын дайындаған ДИАНА ОРАЗАЛИНА Суретті түсірген ҒАЛИЯ ӘБДИҒАППАРОВА

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

адами капиталды дамытуға бағытталады

Тәуелсіз еліміз қазіргі таңда жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, рухани жаңғыруға бағыт алды. Рухани жаңғырудың екі басты шарты – білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу болып табылады. Өйткені, ҚР Тұңғыш Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Осы орайда, Назарбаев Интеллектуалдық мектептердің іс-тәжірибесіне сүйене отырып, 2016 жылдан бастап қаламыздың барлық мектептері кезең-кезеңмен жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуде. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен топта жұмыс жасай білу, функцияландыру сауаттылығы, шығармашылық қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін көздейді. 2019-2020 оқу жылында 4,9-сыныптар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытылады. Жаңартылған білім беру мазмұнына сабақ беретін мұғалімдердің 96% арнайы курстан өтті.

Оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл немесе баға қоймастан оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір) оқу кезеңін (тоқсан оқу жылы) аяқтаған оқушының үлгерім туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Жаңа оқу бағдарламаларына сәйкес 2019-2020 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының әр тақырыбын «Дүниетану», «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыру қарастырылады, бұл білім беру курсының оқу міндеттілігін қамтамасыз етеді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша «Жаратылыстану» пәні бастаушы мектеп курсына енгізілген. Бұдан бөлек, егер бұрын бұл пән тек 5-сыныпта оқытылса, енді 1-ден 5-сыныққа дейін оқытылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп отырып, ескеңең ұрпақтың кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыруға бағытталған бірқатар бастамаларды жүзеге асыруда. 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектептерде ресми түрде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқытуды жоспарлап отыр. Осыған орай, аталған пәнді оқытуды жоспарлайтын жалпы білім беретін мектеп ұстаздарының біліктілігінің арттыру мақсатында қысқа мерзімді курстан өткізуді жоспарланған.

Оқушылардың инженерлік, шығармашылық қабілет-

терін дамыту және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында қаламыздағы 13 мектепте (1,3,4,5,7,8,9,10,11, 13,21,22,26) ІТ кабинеттері ашылды. Елбасының биылғы Жолдауында білім беру жүйесін цифрландыру талаптарына бейімдеу қажеттігі айтылған. Бұл міндетті жүзеге асыруда цифрлы технология кабинеті үлкен көмек болмақ.

Сонымен қоса, оқушыларды мектептерге қабылдау процесін автоматтандырылған жүйеге ауысты. Енді мектептердің қажет емес құжаттарды талап етпеуі қатаң назарға алынуда. Мектепке қабылдау ережесіне сәйкес, ең бірінші кезекте мектептің аумағында тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Облыстық «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы аясында халықпен байланыстың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдары басшыларының қызметтік кабинеттері бірінші қабатқа көшіріліп, кабинет аумақтары ықшамдалды.

Сонымен қатар, мектептерде оқушылардың бойында жемқорлыққа төзбеушілік және адалдық қасиеттерін дамыту жұмыстары аясында «Адалдық дүкендері» ашылды.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқумен қамтуда қаламыздың білім беру ұйымдарында инклюзивті білім мен тәрбие беру ұйымдастырылған. №2 Кеңір, №3, 5, 10, 21, 26 мектептерде инклюзивті сыныптар, сонымен қоса №3,13, 21, 24 ОМ арнайы сыныптар және №8, 13 бөбекжайларда арнайы топтар жұмысы ұйымдастырылған. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті жұмыс істейді. Аталған бағыт бойынша арнайы мамандар: логопед, дефектолог, психолог, медициналық қызметкерлері, емдік жаттықтырушылар жұмыс істейді.

Бұл сала материалдық техникалық базаны нығайтуды талап етеді. Сол мақсатта 2018 жылы сыныптар арнайы парталармен, сенсорлық бөлмелер, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталды. Барлық білім ұйымдарында толық қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кезең-кезеңмен кіреберістегі пандустар қайта жаңартылуда.



Жоғарыда аталып өткен білім саласындағы реформалардың түгелі дерлік еліміздің болашағы саналатын өскелең ұрпақтың білімді әрі бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Сондықтан, сапалы білім беру арқылы адами капиталды дамытуды мақсат тұтқан еліміздің болашағы кемел боларына сенім мол.

Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің басшысы

ОҚШАУ ОЙ

«АРБАТҚА» НЕГЕ АРБАЛДЫҚ?

Жезқазғанның 65 жылдығы қарсаңында қайта жөнделген Ғарышкерлер бульвары жаңа кейіпке өніп, гүлдене түсті. Жасыл желек көмкерген бұл гүлзар бұрыннан да жезқазғандықтардың сөйлідеп, демалатын сүйікті орны болатын. Енді әртүрлі жастағы балаларға арналған кешенді ойын алаңдары, «Скейт-парк» (Skatepark) мәдени-сауықтыру көшені, велосипедшілер мен жаяу жүргізушілерге арналған жол, арт-нысандар мен мүсіндер сияқты көптеген игіліктермен жабдықталып, көркейген бульвар қала тұрғындарына ерекше қуаныш сыйлайтыны анық. Жаңарған баққолдың ашылу салтанатында ізгі тілектер көп айтылды. Шаттанған қуаныш үстінде бұл алаң «Арбатқа айналады» деген лөбіз де айтылып қалды. Осыны іліп әкеткен кейбір БАҚ құралдары «Жезқазғанның өз Арбаты бар» деп жалғанға жар сала хабарлап жатты. «Арбатқа сонша неге арбалдық?» деп ойландық осы тұста.



мекемелерден ләм-мим деген кесімді пікір болмады. Қала тұрғындары да бұл мәселеде белсенділік танытып дей алмаймыз. Кеше «Арбаты» ауызға алғанда осы жай еріксіз еске түскен еді.

Хош сонымен, Мәскеудегі Арбаты біреу көрген, біреу көрмеген болар. Бірақ, біздің халық еліктегенде алдына жан салмайды ғой. Арбат қақпасы алаңынан Смоленск алаңына дейінгі Мәскеудің тарихи көшесі Арбат деп аталатынын есті-

геніміз бар. Тарихи әріде көрінеді. Арбат көшесі 1658 жылы Смоленск болып өзгертіліпті, 1736 жылғы алапат өрт кезінде бұл көше отқа ораныпты. Содан кейін бір және екі қабатты санді үйлер салынып, жасыл желек көмкерген бұл жер орыстың бетке шығар дворяндары тұратын аймаққа айналған. А.Пушкин, Н.Гоголь, Л.Толстой секілді көрнекі қаламгерлер қатарының да осы көшеде тұрған кездері болса керек. Арбаттың мағынасын орыстардың өзі жете зерделеуген болар, түріктің арба атауынан шығуы мүмкін десе, арабтың рабат сөзінен пайда болған деп қисын келтірушілер де бар. Қазіргі Волхонка ауданындағы бұл жерде XVII ғасырда атқора болған дейді. Арба және ат желілетін әртүрлі келіктер осында жасалған екен. Ал берідегі 1930-1950 жылдары И.Сталин Кремльге қарай жүретін мемлекеттік күре жол осында болыпты. Әрине, қазіргі Арбат мүлдем бөлек. Барып көргендердің айтуынша, ол көшемен автокөлік мүлдем жүрмейді, жаяу сөйлідеп, демалуға қолайлы дейді. «Арбат-Опера» камералық музыка театры сияқты рухани демалатын мәдени орындары мол Арбат қақпасы сырт елдерге де танылмал алаңға айналған.

Әлбетте, тарихқа қиянат жүрмейді. Біздің Ғарышкерлер бульвары да Жезқазған тарихының жарқын беттерінің бірі. Сонау жетпісінші жылдардан бері жетік көкті шарлап, мысты өлке топырағына табаны тиген ғарышкерлердің осында аялдауы дәстүрге айналған. Олардың қолымен егілген қарағайлар көкке бойлап, көз тартып тұр. Еңселі ескерткіш белгілері де бар. Ғарышты бағындырушылар құрметіне орай аталған көше 1995 жылдары ақиқ ақын Сәкен Сейфуллин есімі иеленіп, кейін болған қала басшыларының бірі Ғарышкерлер атынауын қайта қалпына келтірген болатын. Бұл да – тарихи атауға қиянат жасамау ниетінен туған іс. Ендеше, Арбатқа айналдырмай-ақ, Ғарышкерлер бульварын көркейтіп, аялай білейік. Әр жерде кездесе бермес Ғарыш пен Жезқазған – егіз ұғым ғой.

Амандық РАХҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі, Суретті түсірген автор

БІЗДІҢ КИНО

Үстіміздегі жылдың 21 маусымында Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде белгілі қаламыр, драматург Кенжебай Ахметовтің «Наза» кинофильмінің тұсаукесері өткені туралы газетімізде жазылған болатын. Шырғалаң тағдырды арқау еткен ойы кесек, айтары бөлек фильмнің алғашқы көрермендері Жезқазғандағы руханият төңірегінде жүрген зиялы қауым өкілдері болған еді. Солардың қатарында болған, өнер десе елең ете қалатын көкірек көзі терең, қаламыздағы қадірменді ардагер Сұлтан Сүтбайұлы осы фильм туралы өз ой-толғанысын білдіріпті.



Наза деген сөз, меніңше, адамның жіберген қатесінен туатын өкініш наласы. Мұндай жағдайға ұшыраған адам назаланады, яғни қатесінен құтыла алмай, айтарға сөз таппай, істеуге лаж таппай, іштей күйінуімен, өзімен өзі күресумен болады. Ішкі жалын, сырты суық, өмір қызығынан безген бейшара күйге түседі. Осы тұрғыдан мейжелеп, Кенжебайдың фильміндегі оқиға желісі қалай болар екен деген оймен көруге келген едім. Фильмнің бас кейіпкері Асанбектің өлі мен тірінің арасында жанып жеп жатқан жағдайын көрсете отырып, өсерлі мысықпен қабыстыра өрбітуден басталады екен. Өткен өмір жолының елестері көрерменді кейіпкермен тікелей қауыштырып, жан толқытар сәттер қоюлана түскен сайын Асанбектің басындағы қапалы ішкі сезім арпалысын толықтай сезінудем қатар, күйзелістен арылу жолдарын қосыла іздегендей болсаыз.

Заманында басты кейіпкер Асанбек өмірге құштарлық сезіммен оңды-солына қарамай, болдым-толдым деп жүрген сыңайлы. Әйел өліп, бала жайына кеткен кезде шалыс басқан қадамның жіберген қателіктерін кеш сезінеді. Әкесі мен шешесі, жан-жарын тыңдамай, сыйламай, дандайды, өркөкіректік мінезімен ауыр күнға барғанын сезінген сайын шерлі күйге түседі. Ол жүйке ауруханасында жатып емделгенімен, жан жарасын жаза алмайды. Соңғы шешімі – қақаған қыста қалың қарды омбылап, әкесі мен шешесінің моласына барып, кешірім сұрап арылғандай болады. Бірақ, тағдыр назасынан арыла алды ма?

Әрине, бұл ісінің жеңілдігі болғанымен, жанын жаралаған ауыр күнәсіні жеңілдетсе алар ма екен. Осылайша фильм аяқталды, бірақ көрермендердің кәлінінде шырғалаң тағдыр іесі туралы сан сұрақ, ауыр ой қалды. Осындай халге ұшырағандар ортамызда аз ба? Ата-ана алдындағы па-

рызын өтеу перзентті басты борышы екенін оймен сездіреді. Фильм авторы өз мақсатына жеткен. Көрерменге үлкен ой салу, толғанға білу – фильмнің басты жетістігі.

Меніңше, Кенжекең осы фильмнің қоюда өзінің бұл саланың да майталманы екенін көрсетті. Бір жарым сағат бойында бір жарым ғана сөйлем айтқан Асанбектің басындағы хикаясын кино тілімен жеткізу түсіруші режиссердың, сценарий авторының шеберлігі екені даусыз. Бұл қазіргі көріп жүргенімізден бөлекше киноның авторы да, режиссеры да Кенжебай Ахметовтің өзі. Көрермен қауымы риза қылған киногердің бұл шеберлігін мен табиғатта кездесетін минерал кристалдардың, өзен-су бойында кездестірген жылтыр, жип-жип-нақы малта тастарының сұлулығымен салыстыра едім. Оларды көрген адам мінсіздігіне, сұлулығына сүйсініп, ұзақ қарайтын білеміз. Ал, Кенжебайдың мына фильмді мінсіз, терең мағыналы туынды екені сөзсіз. Оның толық бағасын көрермендер әлі де бере жатар.

Фильмді көру үстінде, айқай-шу-сыз, атыс-шабысы жоқ осы фильмді жастар қалай қабылдағандар екен деген ойдың қылаң бергені де жасырмаймын. Бірақ, ертеңіне кешегі бас қосуға мені жетектеп аларған нөмерем Ера-сылың (Білім-инновация лицейінің 8-сынып оқушысы) «ата, кешегі кино енді қашан болады?» – деп сұрағанын енді мен жаңағы күмәнімнің орынсыз екенін ұқтым. Нөмереме: «Сен ол киноны кеше көрдің ғой, түсінілген бе?» – дегенімде, ол «Ата, мен берін жақсы түсіндім, бірақ қайтадан көрігі келеді» – дегенде шыны керек, қатты риза болдым. «Асанбектің назасын басқа жанға бере көрме» деп, Жаратушыға жалбарынып, фильмге сәт сапар тілеймін.

Сұлтан СҮТБАЙҰЛЫ, Қазақстан Республикасының Құрметті геологы.

БІРЫҢҒАЙ МЕДИАЦИЯ КҮНІ ӨТТІ

Республика көлемінде ұйымдастырылған бірыңғай медиация күні аясында Жезқазған қалалық қоғамдық келісім кеңесі мен ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мұрындық болуымен «Келісім бар және жеңіс бар» тақырыбында Ашық есік күні мен деңгелек үстел өткізді.

Екі сағат бойы Жезқазған қалалық сотының судья-медиаторы Жәстілек Кишеновпен кәсіби медиатор Жұлдыз Есмұрзина тұрғындарды қабылдап, оларға құқықтық көмек берді. Әрі дауласқан тараптарды тыңдап, мәселені шешудің жолын бірге іздеді. Медиаторлар бес даулы мәселенің өзара бітімгершілікке келу арқылы шешімін табуға септесті. Үш айдан бері ортақ мәмілеге келе алмай жүрген көршілер арасындағы мәселеге нүкте қойылды. Сонымен қатар, мүлкіті бөлу мен некені бұзу бойынша да қала тұрғындары медиатордың көмегіне жүгінді.

Атқарушы билік өкілдері мен қоғам белсенділерінің басын қосқан деңгелек үстелді ҚХА мүшесі, қалалық аналар кеңесінің төрайымы Зинаида Чумакова жүргізді.

– 2011 жылдың 5 тамызында елімізде ҚР «Медиация туралы» Заңы өз күшіне енген болатын. Сондықтан, ҚХА республикалық бірыңғай медиация күнін өткізуді осы күнге белгіледі. Шараның басты мақсаты қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлік саласындағы медиация институтын дамыту және өтеусіз негізде медиативтік келісімдер жасау болып табылады, – деп республикалық шараның міндеттерін тізбектеді ол. Сөз кезегін алған «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова медиация халқымызға жат еместігін тілге тиек етіп, балалар жолы қайта жаңғырып жатқанына қуанышты екенін жеткізді. Ал қалалық соттың судьясы қазір медиаторлық көмек ұсынатын Жәстілек Кишенов бітімгершілікке келудің тиімді тұстарына, сондай-ақ, бүгінде сотта көп қаралатын істерге тоқталды.

– Медиация тәртібі әлемнің озық елдерінде дамығанын айта кеткен жөн. Мысалы, Сингапур сотында қаралатын істердің 95 пайызы медиатордың көмегімен шешіледі. Соттағы 86 судьяның 75-і медиаторлық қызмет көрсетеді. Болашақта біздің еліміздің сот жүйесі де бұндай көрсеткішке қол жеткізеді. Қазіргі таңда Жоғары соттың статистикасына сүйенсек, қазақстандықтар ажырасу мәселесі бойынша көп арыз түсіреді. Әрі үшінші шаңырақ шайқалып жатқаны қоғамды аландатыу тиіс. Мысалы, өткен жылдың өзінде 80 мың неке бұзылған. Ажырасу үшін сотқа арыз түсірген азаматтардың кем дегенде көмелет жасқа толмаған 1 баласы бар дегеннің өзінде қаншама бала әкесіз немесе анасыз қалуда. Сондықтан, медиаторларға жүктелетін жа-



уапкершілік зор. Олар ерлі-зайыптыларды ажырастырмай, татуластыруға барын салуы қажет. Менің де тәжірибемде неке бұзу істері көп. Тараптарды еңгімеге тартып, ажырасуларының себебін сұрағанда, таң қалам. Олар болмашыны желеу етеді, – деген судья-медиатор отбасы институтын нығайтуды күнтіртібіне шығару қажеттігін айтты. Оның ұсынысын қолдаған «Томирис» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Валентина Предина отбасын құлдыратуға әкелетін себептердің түп-тамыры тәрбиенің әлсіздігімен байланыстырды. Және біздің қоғамда отбасы құндылықтарына баса назар аудардырып, насихатталуы қажеттілігі керек деді. Нағыз Дисконвола медиаторларды кәсіби, көсіби емес деп екіге бөлу қисынсыз екенін алға тартып, төрелік айтып, дауды тоқтатуға қаланың белді азаматтары мен ақсақалдары тартылса деген ұсыныс білдірді.

Медиация тәртібінің тиімді әрі ұтымды тұстары сөз болған жиынның соңында кәсіби медиатор Жұлдыз Есмұрзинаға құрмет көрсетіліп, Алғыс хат тапсырылды.

Диана ОРАЗАЛИНА, Суретті түсірген Әлія ӘБДІҒАППАЛОВА

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ – ЖАҢҒЫРУДЫҢ КІЛТІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуіге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарың, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деген болатын.



Соны мақсат қылған біздің мемлекеттік маңызы бар және мемлекетаралық қатынасқа жол ашатын латын әліпбиінің ұлттық мүддеге алтын тұғыр болып, рухани бірлікке бастар берекелі көпірге ұласарына сенімсіз мол. Жасырын емес, тәуелсіздік алған жылдары қазақ тілі мемлекеттік мәртебегіне ие болып, қоғамның барлық салаларына енгенімен, кешегі кеңестік саясаттың салқыны өсеріп тигізуін қоймады. Толық ұлттық жаңғыру болу үшін тіл саласына дәуірлік реформа қажет еді. Мұндай реформа енді латын әліпбиіне көшу арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан да, қазақ тілінің латын графикасына көшуі – тек тілдік реформа ғана емес, рухани жаңғыруға әкелетін аса орасан бастама.

Латын әліпбиіне көшуге мемлекет тарапынан барлық ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Қорқақтаудың да қажеті жоқ. Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты бізбен қатар егемендікке ие болған түркі тілдес мемлекеттердің әліпбиі ауыстырудағы тәжірибесіне сүйенуге болады.

Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Жаңа емле ережелерін оқытудың

әдістемелік мәселелері» атты оқыту курсына бір рет қатысқаныма, көзімнің жеткені, осы әліпбиді жетек менгеріп кету үшін 4-5 курс жеткілікті екен. «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ жанындағы «Ресурстық тіл орталығы» КММ-нің латын графикасына көшу бойынша оқыту және әдістемелік жұмыс жүргізу бөлімінің меңгерушісі Жұпар Жақанова курсы жүргізудегі біліктілігі мен білімділігі осы әліпбиді меңгеруді тездеті түскендей болды.

Осынау оқыту курсына қатысып, менің латын графикасының тиімділігі мен артықшылықтарын үйренуге деген ынтам артты. Жұпар Рысқұлқызы дәріс барысында: «Кейбір аудиторларда дәріс оқып жатып, «амбаба» сөзі ендігі уақытта «амбаба» деп оқылады десем, үрке қарайтындар бар. Ал, мен оларға кезіндегі «ботника», «самовар» өздерінің қазіргі таңда ешкімнің таңырқауынсыз «самаурын», «бәтәкпе» деп оңай айтылып жүргені жөнінде тілге тиек етем», – деді. Яғни, бұл қарапайым дүниелерден менің түйгенім бойынша, қазақ тілін жаңы ашып, мәртебесін көтеруге атсалыспасан, өзгелер келіп сенін жоғыңды жоқтамайды. Жаһандану дәуіріндегі әрбір жаңалықтарға үрке қарай бермеу керек, қайта көрінінше, жаңа

әліпбиі – жаңарған елдің тыңшыны ретінде көнені келмеске кетіріп, сананы сілкіндіретінің, жадыны жаңғыртып, тілге тәуелсіздік әперетінің, мәдени тұтастықты орнықтырып, ақпарат кеңістігін дербестікке жетелейтінін ескеріп бағалауымыз керек.

Тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетіміздің басты келпілі. Латын жазуы уақыттың сан гасырлық сынынан өтіп болды. Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылады.

Сондай-ақ, Жұпар Рысқұлқызының: «Әлемдік өркениет тілі – ағылшын тілінің әдістемесінің қалыптасқанына 300 жылдай болыпты, біздің де осындай оңтайлы кезеңде қазақ тілінің мәртебесінің дамуына деген ықпалды арттырып, донор тіл-орыс тіліне деген мұқтаждығымызды азайтып, нәге тіліміздің әдістемесінің тарихта жаңа беттерін ашсаққа?» деген сөздері жүрегіме жылу ұялатты.

Жаңа әліпбидің бізді жаңа мүмкіндіктерге, зор жетістіктерге бастайтыны анық. Себебі латын қарпі – ғылым мен техниканың, интернет пен ІТ-технологиялардың тілі. Латын әліпбиі қоғамдық ой-санамызды жаңғыртып, рухани болмасымызды байытады. Бұл әліпбиі қазақстандықтар үшін ғана емес, сонымен қатар, өзге елдердегі қандастарымызға да ортақ әліпбиі болатынына сенімдімін. Жаңа әліпбиді қабылдау осы кездегі заман ағымының дамуына сәйкес қажетті және өте маңызды шара екенін мәдениет саласының өкілі ретінде өзім толықтай түсінемін және қолдаймын.

Еркебұлан КАМАЛИЕВ, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің аға ғылыми қызметкері

ТИЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ФАКТОРЫ

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл өлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған.



Бүгінде Елбасының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылып отыр. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту еліміз саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді.

Мемлекеттік тілді дамыту Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылып келеді. Осы мақсатта Қазақстан халықтары Ассамблеясы да өзінің стратегиясында мемлекеттік тіл мен қазақ халқы мәдениетінің басты рөлі азаматтық және рухани мәдениеттің ортақтығы негізінде Қазақстанның барлық этностарының бірігуі жолында қазақстандық сәйкестіктің қалыптасуының басты міндеттерінің бірі болып табылатынын жариялады. Бұған дәлел ретінде соңғы жылдары Қазақстанда қазақ тілінде көркін сөйлейтін адамдар санының біртіндеп көбейіп келе жатқаны, жыл сайын тіл комитеті жүргізетін тілдік жағдай мониторингін деректерін айқын байқалауда. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері орыс тілді қазақтардың мемлекеттік тілді меңгеруге деген ұмтылысы да бел-

сенді түрде жүзеге асырылып келе жатқаны байқалады. Сондай-ақ, соңғы жылдары орта мектептерде қазақ тілін оқыту сағаттары көбейтіліп, қазақ мектептері мен қазақ бақшаларының саны артты.

Бүгінде біз қазақ мәдениетінің қалыптасу процесінің күгеріміз және елімізде барлық халықтардың мәдени ынтымақтастығын біріктіретін күш ретінде қазақ мәдениетінің дамуына ықпал ететін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Азаматтардың қазақ тілін игеру деңгейіне қарай мемлекеттік тілді кезек-кезеңімен өңгізу біртіндеп жүзеге асырылуда. Қоғамда, әсіресе, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Басты мақсаттың бірі – тілдік мұраны сақтау және қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу болып табылғаннан соң осы мақсатта бірқатар ауқымды іс-шаралар қолға алынууда, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтуға байланысты бірқатар жұмыстар жасалып, осы мақсатта жаңа іс-шараларды жүзеге асыру көзделуде.

Көңілге қуаныш ұялататын жақсы нысан ол көптеген қазақстандықтардың балаларын қазақ мектептерінде оқытып, олардың мемлекеттік тілде білім алуы үшін жағдай жасауға ұмтылуы болып отыр. Соңғы әлеуметтік зерт-



теулер нәтижесі балаларына қазақша білім беруді қалайтын қазақстандықтар санының артып отырғанын байқатты. Балаларына қазақ тілінде көсібі білім беруді қалайтын қала қазақтары санының көбейіп келе жатқаны да қуантады. Республика бойынша екі мыңға жуық өзге тілді оқушылар қазақ тіліндегі мектептер мен сыныптарда білім алууда. Сондықтан да білім беру мекемелері-

отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, ол өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс қағаздар, т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы керек. Есеп-қисап, қаржылық және техникалық құжаттамалар да осы тілде жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары, Қарулы Күштер, ғылым және білім беру салалары, халықаралық қызмет те осы талаптарға толық жауап беруге міндетті.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясатының аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық, қатынастар үйлесімділігін, халықтардың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтуды алғышарты. Тілдің даму процесінің өзі табиғи құбылыс.

Бүгінгі күнгі тікелей жауапкершілігіміздегі міндет – мемлекеттік тіл саясатын қоғамымызда жүргізіліп отырған сындарлы саясат негізінде одан әрі жалғастыру. Бүгінгі күні тілдерді дамытуға деген қамқорлық жан-жақты көрсетілуде. Еліміздегі тілдердің дамуы мен қолданылуына қатысты нормативтік-құқықтық негіздер нығайтылуда.

Мемлекеттік тіл саясатының тірегі – «Тілдер туралы» заң. Ата Занда атап көрсетілгендей, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғам тұтастығының бірден бір факторына айналуы тиіс және оған барлық қазақстандықтар азамат ретінде атсалысуы керек.

Роза ШЕРТАЕВА, Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары

11 ТАМЫЗ – ҚҰРБАН АЙТТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

САУАБЫ МОЛ МЕРЕКЕ

Исламның ұлы мерекелерінің бірі саналатын, адам баласын мейірімділікке бөлеп, бауырмалдыққа шақыратын Құрбан айт мейрамына санаулы күндер қалды. Дәлірек айтқанда, 11 тамыз – Құрбан айт мейрамы. Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешітте Айт намазы таңғы сағат 07:00-де оқылады.



Иә, «құрбан» сөзінің мәні тым терең, мазмұны өте жоғары. Сонау ықылым заманнан бері Құрбан айт өзінің қадір-қасиетін ешбір жоғалтпастан, әрбір



дәуірде адамзат мәдениетіне өзіндік ізін қалдыру үстінде. Олай деуімізге негіз де жоқ емес. Өйткені, құрбандықтың тамыры тереңнен бой алады. «Құрбан» сөзі «жақын-дау», «жақын болу» дегенді білдірсе, «айт» сөзі «мереке» мағынасын береді. Ал құрбанның шариғаттағы мағынасы «шарттарымен санаспа отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Демек, Құрбан айт – жер бетіндегі жұмырбасты әрбір мұсылманның ерекше атап өтер ұлық мейрамы.

Құран Керімде Алла былай бұйырады: «Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал» («Кәу-сар» сүресі, 2-аят). Егер де байқап отырсаңыз, аталған аятта айт намазын оқу құрбан шалудан бірінші айтылуда. Ардақты сахаба Әнас (р.а.) былай риуаят етеді: «Расулұллаһ Мединана келген кезінде, медресалықтардың тойлайтын екі күндері бар болатын. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл екі күнді не үшін атап өтетіндіктерін сұрады. Олар: «Жәһилдік (Исламнан бұрынғы) дәуірде біз бұл екі күнді көңіл көтеріп, атап өтетін едік» деп жауап берді. Пайғамбарымыз (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қарап былай деді: «Алла ол екі күннің орнына сендер үшін әлдеқайда қайырлысын берді. Біріншісі – Құрбан айт, екіншісі – Рамазан айт». Жалпы алғанда айт мейрамы – қуаныш пен ынтымаққа толы күннің көрінісі. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе, біздің сүннетімізге ергені...», – деген.

Құрбан айтта бас қосу – мұсылмандардың бір-бірімен татулықтарын арттырып, ұлық мейрамның негізгі сөнін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл мереке күндері өскелең ұрпағымызды да естен шығармауымыз керек. Оларға құрбанның қасиетін сездіріп, санасында өшпестей әсер қалдыру ниетімен айт намазына ерте келіп, қуанышты сездірген жөн болады. Кішкентай балақыларымызға дәл осы күндері ең бағалы ойыншықтар алып, сыйлығымызбен қуантып, қоғамдағы

ең қауқарсыз топтар қарттар үйін, қамқорсыз жетім балалар үйін, жоқ-жітік жандарды, аз қамтылған отбасыларды естен шығармай, оларға да арнайы барып, аз да болса сыйлық жасасақ, нұр үстіне нұр болмақ. Өйткені, Құрбан айт – қоғамды бірлікке үндетін, бөлініп-жарылудан сақтайтын ұлық мейрам. Осынысымен де ол ерекшеленіп, көзге түседі...

Құрбан айт – ел ынтымағының ұйытқысы. Күллі мұсылман баласын және еліміздегі ұлттар мен ұлыстарды біріктіруде, өзара бауырмалдықтарын арттыруда орны тіпті айрықша. Олай болса, еліміз аман, жұртымыз тыныш, еңселі еліміздің жетістігі мол болсын.

Нұрбол ТАҒАЕВ, Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы

ҚҰРБАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР



Құрбандық дегеніміз не? Құрбан – жақындау деген мағынаны білдіреді. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – Алла Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен сойылған малдың аты.

Құрбандық шалу кімге міндетті? Құрбан айт күндері құрбандық шалу жағдайы бар (негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Нисап мөлшері – 85 грамм алтын, яки құнына тең келетін ақша), азат, ақыл-есі дұрыс, құрбан айт уақытында жолалушы болмаған мұсылманға уәжіп.

Құрбандықтың қандай түрлері бар? Құрбандықтың бірнеше түрі бар. Мысалы, дүниеге саби келгенде, Алла Тағаланың нәсіп еткен перзентіне шүкір ретінде шалынатын малға «ақиқа» құрбаны делінеді. Сондай-ақ, белгілі шарттардың орындалуына байланысты мұсылман баласы бір малды құрбандыққа шалып деп уәде етіп, уәденің уақыты келгенде шалатын малға «нәзір құрбаны» делінеді. Мысалы, ауырып жатқан адам осы ауруынан айықсам, бір қойды құрбандыққа шаламын деп ниет етсе, ауруынан айыққан жағдайда, бір қойды құрбандыққа шалуы уәжіп (міндет) болады. Ескерту: «Нәзір» құрбанына шалынған малдың етінен, шалған адамның өзіне, балаларына, немере-

леріне және әке-шешесіне тіпті ата-әжелеріне жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедей-кепшіктерге таратылуы тиіс. «Ақиқа» құрбанының етінен шалған адамның өзі жей алады. Қаласа садақа етеді.

Құрбандыққа қандай мал сойылуы керек? Құрбандық түйе, сиыр, қой, ешкі болады. Олардан басқасын союға болмайды. Малдың еркек, ұрғашысының айырмашылығы жоқ.

Құрбандыққа шалынатын малдың жасы қаншада болуы керек? Ешкінің және қойдың жасы бір жылдан асып екінші жылға кіргені, сондай-ақ алпы айлық марқа қозы (бір жасар қой секілді) ірі, қонды болса құрбандыққа жарамды. Сиырдың екі жасқа толып, үшінші жылға кіргені, ал түйеден жасы бес жылдан асып, алтыншы жылға кіргені құрбандыққа шалуға болады. Сонымен қатар сойылатын малдың кемшілік, кінәраты болмауы керек.

Кемшіліктері болмауы керек дегенді қалай түсінуге болады? Мүшелері сау болуы керек. Аяғы сынған не кесілген союға болмайды. Сондай-ақ, құлағы не құйрығы кесілген, не соқыр, не айналма немесе соятын жерге бара алмайтын ақсақ болмауы керек.

Құлағының немесе құйрығының

кейбір бөлігі кесілген малды құрбандыққа союға бола ма? Егер құлағының не құйрығының көп бөлігі кесілген болса құрбандыққа союға болмайды.

Құрбандықтың кейбір түрлерін екі одан да көп кісі бірігіп сойса бола ма? Иә, түйе мен сиырды құрбандық ниетіндегі жеті кісі сойса болады.

Жеті кісі бір түйеге не сиыраа ортақтасып, олардың арасында бір кісі тек ет алуды қаласа бола ма? Бір кісінің ниеті сондай болса қалғандарының сойған құрбандары дұрыс болмайды.

Көкірегінен пышақ сұғып сою мен бауыздаудың реті қалай? Түйені көкірегінен сою, ал сиыр мен қойды бауыздау сүннет. Керісінше істесе мақруһ болады.

Құрбандық шалу қай уақыттан басталады? Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айтың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

Құрбан шалушы өзі бауыздауы керек пе? Өзі бауыздауы шарт емес. Басқа біреуге сойдырса болады. Ең дұрысы құрбан шалу рәсімін өзі бақылып қадағалағаны.

Құрбандыққа аталған малдың сүтін сауып алуға бола ма? Құрбандық малын саумайды. Сүттің ауын тоқтату үшін емшегіне салқын су себеді.

Құрбандыққа шалатын малдың мұрындық, жүгендерін не істейді? Оларды садақаға береді.

Малды сойған қасапшының ақысын құрбандықтың етінен берсе бола ма? Құрбанның етінен қасапшыға берілмейді. Оның ақысын құрбандық сойдырушы өзінің ханынан береді.

Құрбандық етін қалай үлестіреді? Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахаж. Бір бөлігі – туған-туыстарына, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына беріледі.

Нұрбол ТАҒАЕВ, Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ЖЕР ЗАҢНАМАСЫН САҚТАЙЫҚ!

Жезқазған-Қарағанды тас жолының шамамен 15-ші шақырымында қала тұрғындары заңсыз қорым жасап алған. Енді аталған аймақта қабір қазғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.



Жезқазған тұрғындарын хабардар ету мақсатында қалалық әкімдік екі ақпараттық тақтайша әзірлеп, аталған аумаққа орнатты. Енді ескертуге құлақ аспай арнайы белгіленген орында қабір қазып, ҚР «Жер кодексінің» 168-бабын бұзғандарға «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодекстің 136-бабы бойынша 70 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ботаникалық бақ маңында орналасқан мұсылмандар қорымында арнайы жер бөлігінің өскерткі, қала тұрғындарын заңмен рұқсат етілмеген жерлерді қабірстанға айналдырмауға шақырады.

Өз тілшіміз

КАРАНТИНДІК АРАМШӨП – ЖАТАҒАН (ҚЫЗҒЫЛТ) УЕКІРЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Карантиндік зиянды арамшөп – жатаған (қызылт уекіре) (Acorptilon gerens) қашқаргүлділер тұқымдасына жатады. Жатаған уекіремен ластанған жерлердің көбеюінің бір себебі – ол шаруашылық субъектілердің карантиндік ережелерді бұзуында немесе сақтамауында және арамшөптің биологиялық ерекшеліктерін есепке алмауында болып отыр.

Арамшөптің тамыр жүйесі қуатты дамыған 10 м тереңдікке дейін жетіп, ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін күрт төмендетеді. Оның сымдылығы 1 квадрат жерде 15 данаға жетіп, дөңді дақылдардың өнімділігін 80 %-ға азайтады, ал көп көлемде шоғырланса, дақылдардың өлуіне әкеп соқтырады. Жатаған уекіре топырақты құрғатады, органикалық заттарды азайтады, оның бидаймен араласқан тұқымы ұнның, жемінің сапасын төмендетеді, ірі қара малы жатаған уекіре өсімдігін қолдана, сүтте ащы дәм пайда болады.

Жатаған уекіренің таралу арналы бүкіл Қазақстан аумағын қамтиды. Сонымен қатар, ол жазық далада, сор шабындықтарда, сортаң жерлерде, құрғақ тау беткейлерінде, егіс жерлерде кездеседі және суару каналдарының жағалауында, тас жолдар бойында өте тез өсіп, өнеді.

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 9-1,14 баптарына, Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөнінде Ереженің 6,7 бөлімдеріне сәйкес карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және толық жою мақсатында Қарағанды облысы әкімдігінің 2012 жылғы 13 маусымдағы № 20/10



«Облыс аумағында карантиндік аймақты белгілеу туралы» қаулысына байланысты карантин режимі енгізілген өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау нысандарының тізбесіне сәйкес қала бойынша бөлініп берілген жер телімдеріне карантинді арамшөп – жатаған (қызылт) уекіре ошақтарын шектеу, оқшаулау және жою жөнінде іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқарылды.

Жатаған қызғылт уекіреге қарсы химиялық өңдеуді жүргізудің оңтайлы мерзімі маусым айының аяғы мен шілде айының бірінші онкүндігіне дейінгі аралық болып табылды. Өйткені бұл мерзімде арамшөп жалпырақтары жақсы дамыған сабақтану кезеңінде болады.

Қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының мемлекеттік бақылауды және қаладағылауды өткізу туралы актісі (нұсқамалары) бойынша ҚР «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 18-бабының 2-тармағының 1) тармақшасының негізінде, жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі объектілерде, сондай-ақ, жер учаскілерінде карантинді арамшөп – жатаған (қызылт) уекіреге қарсы өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Сондай-ақ, Заңның 9-бабының 1-тармағына және Ереженің 5-бөлімінің 6-тармағына сәйкес, жеке және

заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын оңтайлы еріктілігімен өсімдіктер карантині жөніндегі тиісті шараларды жүргізу туралы нұсқамаларын қабылдау және орындауға міндетті. Осыған орай, қала бойынша жатаған қызғылт уекіремен ластанған 27,3 гектар жерге жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен химиялық өңдеу жұмыстарын нұсқама сәйкес орындады.

ҚР «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес карантинді арамшөп – жатаған (қызылт) уекіре ошақтарын оқшаулау және жоюға бағытталған химиялық өңдеу жұмыстары Республикалық бюджет қаражаты есебінен «Фитосанитария» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының күшімен 2019 жылы Жезқазған қаласы бойынша жатаған (қызылт) уекіремен ластанған 83 га мемлекеттік қордағы жерлерге мемлекеттік қаражат (республикалық бюджет) есебінен химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Мадина КОНУРКУЛЬЖИНОВА, ҚР АШМ АӘК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН АБЫРОЙ

Қандай мамандықты алсақ та, әрқайсының өзіндік қызығы мен қиыншылығы бар. Қиындығы демекші жүрек қалауымен келген мамандығының ыстығы мен суығына төзе білу әркімнің-ақ қолынан келмесі анық. Дегенмен, бүгінде аға толқынның арасында еңбек кітапшасына жұмысқа алынды деген бір ғана жазу енгізілгендер бар. Табан аударматан бір мекемеде еселі еңбегімен ел игілігін арттыруға, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге атсалысқан мұндай азаматтар өз ісінің майталманы атануға әбден лайық. Сондай тұлғалардың қатарына жаны жайсаң Ибрагим (Шоқан) ЕСІЛБЕКОВТІ де жатқызуға болады. Ол саналы жұмырың, нақтылап айтқанда өмірінің 40 жылын мыс қорыту зауытына арнаған.

«Еңбектің наны тәтті. Біреудің ала жібін аттама» деген өке есметін санасына сіңіріп, құлағына құйып өскен біздің бүгінгі кейіпкеріміз Шоқан есімімен таныс. Анасынан ерте қалған балғынды әкесінің қарындасы Зияш апасы арқалап өсірген екен. Ана орнын жоқтатпауға тырысқан ол бар мейірімін үйіп-тегіп, Ибрагимді еркелетіп «Шоқаным» дейді. Осылайша, ол күні бүгінге дейін Шоқан атанып жүр.

Балалық шағын Ұлытау ауданына қарасты Төрісаққан ауылында өткізіп, Шеңбердегі Қорғасын орта мектебін аяқтасымен «Жауқазын» бригадасының құрамына алынды. Аға шопанға қой бағысып, төлдетуе, қырқысуға қатысқан ол әскер қатарына алынды. Екі жыл бойы елден жырақта жүріп, әбден шыңдалып, ысылған азамат туған жерге оралысымен қарсақбайлық Зейнеп Байсаловамен көңіл жарастырып, шаңырақ көтереді. Жас отбасы ауылда жүріп Жезқазған қаласының өркендеп жатқанынан, онда қызу тірлік барын күнбе-күн естиді. Сөйтіп, бір күннің ішінде өндірістің белортасына баруға шешім қабылдайды. Арман еткен Жезқазған оларды күшақ жая қарсы алды. Отағасы бірден мыс қорыту зауытына жұмысқа кірді. Болашағынан зор үміт күттірген жұмысшыға басшылық та оң қабақ танытып, екі бөлмелі пәтер берді. Көп ұзамай жары Зейнеп те зауыттың металлургия цехына аппаратшы қызметіне орналасып, бытыр құрметті еңбек демалысына шықты.

Бұрын-соңды өндіріс саласына араласып, көзбен көрмеген Ибрагим Есілбековтің шикта дайындау цехында операторлық, одан кейін слесарь-жөндеуші қызметіне төселіп кетуіне бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеген сол кездегі цех бастығы Қуанышбек Бексұлтанов, оның орынбасары Шақур Оразбеков пен механик Әлеміс Нысанбаевтың орны бөлек. Мықтылардың отым көріп, тәжірибесінен өнеге алған ол жылдар өте өзі де біреудің ұстазы атанды. Қазір ұжымда еңбегімен сыйлы

Аман, Ардақ есімді жігіттер Ибрагим Есілбековтен көпті үйренгенін жасырмайды. Қайта мақтан тұтады.

Мыс қорыту зауытының «жүрегі» саналатын алып өндіріс қондырғыларын жөндеп, тез арада қайта іске қосу қиынның қиыны. Бірақ, ол өзіне жүктелген осы зор міндетті қашанда асқан жауапкершілікпен уақытылы орындауда алдына жан салмайды. Тіпті, жаңа үлгідегі шетелдік қондырғылардың да тілін біліп, қалт кеткен жағдайда қайта жөндейді. «Ол слесарь боп туған» деп қалжыңдайтын әріптестері алтын қолды қызметкерден ажырағысы жоқ. Әрине, өз ісінің білгірі қашанда бағалы. Дегенмен, алпысты алқымдап, зейнет жасына жеткен Ибрагим Есілбеков «еңбек шартын ұзартайық» деген басшылықтың ұсынысынан бас тартып, орын жастарға бермек.

— Мен күнімді еңбегісіз елестете алмаймын. Екінші үйіме айналған сехты қимасам да, жастардың келгенін қалаймын. Мүмкін қазір бір отбасының асыраушысы осы орынға зәру шығар, — деп ойын сыртқа шығарған Ибрагим ағайға риза болыстық.

Адал еңбегі арқасында абырой мен беделге ие болған оның адамдық қасиеттері бір төбе. Оны «аузын аша жүрегі көрнеді» деген бір сөзбен-ақ сипаттауға болады. Қиындыққа мойымай, үнемі өзүнен күлкі көрінетін Ибрагим ағайдың төсінде бүгінде ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені жалтырайды. Онымен қоса, «ҚР Тәуелсіздігіне — 20 жыл», «Мыс қорыту зауытына — 25 жыл», «Қазақмыс» корпорациясына — 40 жыл», «Қазақстанның алғашқы мысына — 85 жыл» сынды мерекелік медальдар да жарасып тұр. Қырық жылғы еңбегіне берілген Алғыс пен Құрмет грамоталарын атап шығу тіпті мүмкін емес.

Еңбекті өмірінің мәні деп ұққан еңбекқор Ибрагим Есілбеков пен Зейнеп Байсаловадан тараған ұрпақ та үлгі тұтарлық. Бәрі бір-бір мамандық иесі атанып, Тәуелсіз еліміздің гүлденуі жолында қажырлы еңбек



етуде. Төрт баланың үшеуі ата-ана жолын қуып, өндіріс саласын таңдаған. Атап айтқанда, қызы Әсемжол — зауыттың инженер-экологы, аялдары Данияр мен Дархан тау инженері мен механик қызметінде. Ұлдардың үлкені Дәурен Елордада кәсіпкерлікпен айналасыда. Шаңыраққа түскен келіндер Сәуле, Динара мен Жұлдыз Есілбековтер әулеттің берекесін арттырып отырған жайы бар. Отбасының күйеубаламен де жолы болған. Күйеубаласы Арман шахталардың бірінде еңбек етеді. Ұрпағына еңбегімен өнеге болған Ибрагим ағай мен Зейнеп алай бүгінде — немере тәрбиесін алдыңғы орынға қойған ата-әже. Немерелері Ақжүр, Ахмад, Амина, Мадина, Раяна, Нұрмұхамед пен Адина, Мәриям мен

Еркеназ, сондай-ақ, Ділде мен Абдурахман бірінен-бірі өткен алғыр, өнерлі.

Атақ пен мал табуды мақсат тұтпаған, еңбегінің арқасында абырой биігіне көтерілген Ибрагим Есілбеков мағыналы өткен өміріне риза. Бұл дүниеде өңісіне тиген несібесін місе тұтқан еңбек ардагері әлі де бойында күш пен қайрат барда қарап қалмай, өңірдің ауылшаруашылығын дамытуға үлес қоспақ ойы бар. Сөз соңында елеулі еңбегімен көптің құрметіне бөленген Ибрагим Есілбековті мерейлі жасымен құттықтап, шаңырағынан шаттық үзілмеуіне тілектестік білдіреміз.

Диана ОРАЗАЛИНА
Суретті түсірген Галия ӘБДИГАППАРОВА

ПРОКУРАТУРА ХАБАРЛАЙДЫ

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңнама: АЗАМАТТАР НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Құрылыс салушыға талаптар



«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңға (бұдан әрі — Заң) сәйкес тұрғын үй құрылысына азаматтардың ақшасын тартуға құрылыс салушыда әкімдіктің тиісті рұқсаты немесе «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ-мен шарт болған жағдайда ғана жол беріледі.

Яғни үлестік құрылыс объектілеріне азаматтардың қаражаттарын заңсыз тарту фактілерін және одан туындайтын салдарды болдырмауға бағытталған құқықтық заңнамасын түсіндіруде.

Жылжымайтын тұрғын үй алғысы келген азаматтардың барлығына мыналарды білген жөн:

— Заңның 3-бабы 2-тармағына сәйкес, алдын ала сатып алу-сату шарты нысанында жасалатын шарттар немесе басқа да мәмілелер жарамсыз деп танылады.

— Заңда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың төмендегі тәсілдері қарастырылған:

— Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры (Кепілдік беру қоры — жарғылық капиталына мемлекет тікелей немесе жамақа қатысатын акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы, кепілдік беру жағдайы туындаған кезде құрылысты аяқтауға және үлестіктерге тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) үлестерін беруге кепілдік беретін коммерциялық емес ұйымкепілдік беру қорынан кепілдік алу);

— екінші деңгейдегі банктің жобаға қатысуы (құрылыс салушы бір құрылыс жобасы бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті компания құрады, салдарында құрылыс салушы мен уәкілетті компания құрылысты қаржыландыру туралы банктің шешімін алуға барады, өз кезегінде банктің өз шешімі болғанға банк инжинирингтік компаниямен шарт жасасады, сонымен қатар, үлестіктердің ақшасын пайдалану инжинирингтік компания рәсімімен тұрғын үй (тұрғын ғимарат) қаңқасы тұрғызылғаннан кейін мүмкін болады);

— тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлестіктердің ақшасын тарту (тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) қаңқасы тұрғызылғаннан кейін құрылыс салушы бір құрылыс жобасы бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті компания құрады, салдарында бірге ЖАО-ға үлестіктердің ақшаларын тар-



туға рұқсат алу үшін жүгінеді) Заңда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы уәкілетті органның қауыреті анықталған.

Осыған байланысты, құрылысқа үлестік қатысудың алдында уәкілетті орган міндетті түрде үлестіктердің ақшаларын тартуға арналған рұқсатты беруі, берілген рұқсаттардың есепке алынуы, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар, сондай-ақ, олар бойынша талаптар құқықтарының қайта табысталуы туралы шарттар тиіс екенін білген жөн.

Сондай-ақ:

- егер Сізге бұдан кейін пайдалануға берілген құрылыс объектісіне ақша қаражаттарын салуды ұсына, Сізге «тұрғын үйдің аудандық метрлері» үшін ақы төлеу қаупі бар;
- Сізге жоқтығына сүйенсе отырып, қажетті құжаттаманы (жобалық-сметалық құжаттаманы, үлестіктердің ақшаларын тартуға арналған рұқсаттама, құқық орнатушы құжаттарды, аудиторлық қорытындымен расталған қаржылық есептілікті) ұсынудан бас тартқан жағдайда, алдымен қалу мүмкіндігі арта түседі;
- Уәкілетті компания толық емес немесе нақты емес ақпаратты ұсынған жағдайда, үлестік тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартты жарамсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы;

— Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін пайдалануға тапсырылмаған тұрғын үйлердегі (тұрғын ғимараттар) үлестік талап ету құқығы туына байланысты, құрылысты аяқтауға ақша қаражаттарын тартуға тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың негізінде ғана жол беріледі.

Әрбір үлестік тұрғын үй шаршы метрін алуға құқылы.

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу арқылы тұрғын жай сатып алуға ниет білдірген әрбір үлестік, шеңберінде көп жағдайда заңды күші болмайтын бар болғаны түрлі-түсті графикалық құжаттама берілгені сондай-ақ жосықсыз құрылыс салушылар немесе үшінші тұлғалардың әрекеттерінен теріс салдарлар туындайтын жобаларды іске асыруда тапқан ақша жарнасының нәтижесін түсінуі керек.

Мәліметтерді сұрау жолымен, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органның құрылыс салушы, уәкілетті компания, іске асырылатын жобалар туралы толық ақпарат алу — әрбір үлестіктерге ашық аспан астында өз ақшасынан айырылып қалу қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Құрылыс салушыға қойылатын талаптарды білген жөн:

Кепілдік беру қорының кепілдігін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды

ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыру үшін құрылыс салушы мынадай:

- Біріншіден республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы құрылыста жалпы алаңы кемінде он сегіз мың шаршы метр және басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктердегі құрылыста кемінде тоғыз мың шаршы метр тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) құрылысының объектілерін өткізу, оның ішінде тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер) ретінде жиынтығында кемінде үш жыл тәжірибесінің болуы;

- Екіншіден өзінің аудиторлық қорытындымен расталған қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы екі қаржы жылында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалатын активтерінің болуы;

- Үшіншіден қарыз және міншікті капиталының арақатынасы арқылы есептелген

коэффициент шамасы тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылысын салудың оны пайдалануға қабылдағанға дейінгі бүкіл мерзімі ішінде жетіген аспауы талаптарына сай болуға міндетті.

Сонымен қатар, мүлік салушының құрылыс салу рұқсаты, жобалық-сметалық құжаттамасы (тұрғын үй жобасы), тұрғын үй салынып жатқан жер учаскесіне меншік немесе жалдау шарты болуы керек.

Осы ақпаратты құрылыс салушы компанияның ресми сайтында табуға немесе тікелей құрылыс салушыға хабарласуға болады. Үлестік құрылысқа қатысу шартын тексеріңіз. Онда салынып жатқан пәтердің сипаттамасы (мекен жайы, алдың-ала немірі, ауданы, бөлмелер саны, лоджиялар мен балкондардың болуы және т.б.), пәтерді тапсыру күні, бағасы, төлеу тәртібі мен шарттары, объектінің кепілдік мерзімі.

Үлестік құрылыс туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін екімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Құрметті азаматтар! Құрылыс салушының таңдағанды және қаражатыңызды ортақ құрылысқа салуда өте сақ болыңыз.

Жезқазған қаласының прокуратурасы

ОТЧЕТ АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОДОСНАБЖЕНИЯ» г.ЖЕЗКАЗГАНА ПО ИТОГАМ 1 ПОЛУГОДИЯ 2019 ГОДА ОБ ИСПОЛНЕНИИ УТВЕРЖДЕННОЙ ТАРИФНОЙ СМЕТЫ, ОБ ИСПОЛНЕНИИ УТВЕРЖДЕННОЙ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ, О СОБЛЮДЕНИИ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА И НАДЕЖНОСТИ РЕГУЛИРУЕМЫХ УСЛУГ И ДОСТИЖЕНИИ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ ПЕРЕД ПОТРЕБИТЕЛЯМИ И ИНЫМИ ЗАИНТЕРЕСОВАННЫМИ ЛИЦАМИ

31 июля 2019 года в 15.00 ч., по адресу: г. Жезказган, б-р. Гарышкөптер, 13, здание «Профцентра», состоялась отчет АО «Предприятие теплоснабжения» (юр. адрес: г. Жезказган, ул. Холмеевского, 20) по итогам первого полугодия 2019 года перед потребителями и иными заинтересованными лицами.

Выступление директора АО «ПТВС» содержало следующую информацию:

Акционерное общество «Предприятие теплоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
- услуги по снабжению тепловой энергией;
- услуги водохозяйственной системы (подача воды (питьевой и технической) по распределительным сетям);
- услуги канализационной системы (отвод и очистка сточных вод);
- производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией в пос. Геологический.

АО «ПТВС» является предприятием со 100 % государственным пакетом акций в управлении.

Отплавляемая площадь жилого массива составляет около 1500 тыс м², услугами предприятия пользуются более 28 500 абонентов — население, около 1360 юридических лиц.

Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за I полугодие 2019 год характеризуется следующими данными:

- доход от реализации услуг 2 950 млн. тенге;
- себестоимость реализованной продукции 2 166 млн. тенге;
- административные расходы и расходы по реализации 219 млн. тенге;
- прочие доходы 185 млн. тенге
- прочие расходы 335 млн. тенге
- итоговая прибыль /-, убыток /-/ 417 млн. тенге (направлена на выполнение утвержденной инвестиционной программы)

Показана информация об объемах по видам оказанных регулируемых услуг в натуральном и стоимостном выражении.

Тарифные сметы на регулируемые услуги утверждены исполнением на год. Для обеспечения постатейного исполнения тарифных смет проведены процедуры государственных закупок товаров, работ и услуг, заключены договоры. Ведутся работы по реализации ремонтной и инвестиционной программы. На представленных слайдах была показана информация о ходе исполнения утвержденных тарифных смет по видам регулируемых услуг, постатейно.

Исполнение утвержденной на 2019 год инвестиционной программы за 1 полугодие 2019 года

Вид деятельности	Кем утверждена	Сумма утвержденной инвестиционной программы, тыс тенге без НДС	Источник инвестиций (по утвержденным тарифным сметам)	Мероприятия, выполненные в ходе реализации инвестиционной программы
Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергии	Утверждена Совместным Приказом ДАРЕМ по Карагандинской области от 18.09.2015 г № 243-ОД, согласована ГУ «Управление энергетикой и ЖКХ по Карагандинской области» 21.10.2015 г	464 976,59	Амортизация ОС — 182 817; прибыль — 282 159,59 тыс. тг	Инвестиционная программа утверждена исполнением на год. Проведены государственные закупки, заключены договоры на выполнение работ и закуп материалов. Ведутся работы по реализации инвестиционной программы.
Услуги подачи воды по распределительным сетям (питьевая вода)		695 541,08	Амортизация ОС — 153 364; прибыль — 542 177,08 тыс. тг	В настоящее время строительные работы по замене сетей выполняются в соответствии с графиком
Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая — непитьевая вода)		26 526,09	Амортизация ОС — 11 955; прибыль — 14 571,09 тыс тг	
Услуги канализационных систем (отвод и очистка сточных вод)		200 768,90	Амортизация ОС — 41 041; прибыль — 159 727,9 тыс тг	
ИТОГО		1 387 813	Амортизация ОС-389 177; прибыль — 998 636 тыс тг	

На представленных слайдах были показаны мероприятия утвержденной инвестиционной программы по видам услуг, фотоматериалы о ходе выполнения инвестпрограммы.

Результатом качественного выполнения инвестиционной программы служит своевременная подготовка и безаварийное прохождение отопительного сезона 2019-2020 гг., недопущение сверхнормативных потерь энергоресурсов.

Предприятие постоянно ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Необходимая информация доводится до сведения потребителей через средства массовой информации. Несмотря на предпринимаемые меры, не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует

санитарным нормам и правилам.

На 2016-2020 годы для АО «ПТВС» Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области утверждены предельные уровни тарифов на услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, услуги по подаче воды (питьевой и технической) по распределительным сетям, услуги по отводу сточных вод. Приказом утверждены предельные уровни тарифов на каждый год отдельно. Информация была опубликована в местных СМИ.

Выполняя поручения Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева, АО «ПТВС» в 2019 году добровольно снизило тарифы на регулируемые услуги для населения.

Активное участие в слушаниях приняла представительница акимата г. Жезказган, Общественного Совета и Палаты потребителей. Их выступления зарпотоколлованы и будут обязательно учтены в работе предприятия.

12.08.2019

QAZAQSTAN
06:05 «Kоnli toлquу»... 06:25 «Masele»... 07:00 «TANSHOLPAN»...

БИЗАС

06:00 «Тамаша»... 07:00 «Қызық times»... 08:00 Жаңалықтар...

QAZAQSTAN

06:05 «Kоnli toлquу»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

ХАБАР

06:00 «Тамаша»... 07:00 «Қызық times»... 08:00 Жаңалықтар...

13.08.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kоnli toлquу»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

ХАБАР

06:00 «Тамаша»... 07:00 «Қызық times»... 08:00 Жаңалықтар...

14.08.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kоnli toлquу»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

ХАБАР

06:00 «Тамаша»... 07:00 «Қызық times»... 08:00 Жаңалықтар...

15.08.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Kоnli toлquу»... 06:30 AQPAPAT... 07:00 «TANSHOLPAN»...

ХАБАР

06:00 «Тамаша»... 07:00 «Қызық times»... 08:00 Жаңалықтар...

16.08.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Qyzуq ekeп...»... 07:00 AQPAPAT... 07:30 «Сәлем, Қазақстан!»...

ХАБАР

06:00 «Ұят болмасын»... 06:45 Коңцерт... 06:50 «Нильс Хольгерсон»...

17.08.2019

QAZAQSTAN

06:05 «Qyzуq ekeп...»... 06:50 «Қазақ даласының құпиялары»...

ХАБАР

06:00 «Ұят болмасын»... 06:45 «Жұлдызым»... 08:45 «Нильс Хольгерсон»...

18.08.2019

жаналықтар... 20:30 «Zerde»... 21:00 Итоги дня... 21:30 «Қарлығаш»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН... 07:20 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР... 07:30 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР... 07:30 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР... 07:30 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР... 07:30 «ЖЕННЕТТІҢ КӨЗ ЖАСЫ»...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «KazNet»... 06:50 «Әзілстан»...

КТК

07:05 ҚҰДАЛАР-2»... 08:00 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»...

7-АРНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 07:00 «Әзілстан»... 08:00 Мультфильм...

АСТАНА

06:00 «Ән мен әзіл»... 07:00 «Әзілстан»... 08:00 Мультфильм...

КТК

07:05 ҚҰАНДЫҚ РАХЫМЫҢЫҢ аңашуы... 09:00 «БАСТЫ РӨЛДЕ»...

«МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»... 18:00 «СҮЙКІТ ДЕНИЗ-2»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Распрекрасный принц»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

7-АРНА

06:00 «Жана келін»... 06:50 «Элиф»... 09:00 «Даша и друзья»...

«Реальные пацаны»... 17:40 «Сваты»... 20:00 Информбюро...

ДИДАР

08:00 «Гороскоп»... 08:05 «Таңғы шоу»... 11:00 Керкем фильм...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ДИДАР

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

ҚОғАМДЫҚ КЕҢЕС АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ
Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі азаматтарды жеке мәселелері бойынша және жеке, заңды тұлғалардан жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ашықтығы мен жұмысын жетілдіру (қызметтік этика нормаларының сақталуы) бойынша ұсыныстар қабылдайтынын хабарлайды.

«ДЕНСАУЛЫҚ» ПОЙЫЗЫ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА КЕЛЕДІ
Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігі 2019 жылдың 7 тамызынан 17 тамыз аралығында «Денсаулық» медициналық пойызы Қарағанды облысына тоқтайтынын хабарлаймыз.

Table with 5 columns: Station, Time, Duration, Time, Duration. Rows include Қаражал, Мыңадыр, Жомарт, Жеңіс, Қызылжар, Түйемойнақ, Теректі, Қарсақбай, Байқоңыр, Қоскөл.

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігі

Call center information: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті. CALL-CENTER: 1424

Department information: Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области. CALL-CENTER: 1424

АЗАМАТТАРҒА ЖАДЫНАМА! ЕГЕР СІЗДЕН ПАРА ТАЛАП ЕТСЕ!?

4-step process diagram for citizen services: 1. ҮНДІПАЛ, ПАРА БОПСАЛАУДЫҢ ШАРТТАРЫН ДӨЛ ЕСТЕ САҚТА; 2. ӨЗІНДІ ӨТЕ САҚ УСТА, ПАРА БЕРУЕ ДАЙЫН ЕКЕН ДЕР ОБЛАЛ ҚАЛЫПДАЙ АСЫРС ПІНІР АЙТУҒА ИОН БЕРМЕ; 3. ПАРА БЕРУ ҰНАТЫ МЕН ОРНЫН КЕЛЕСІ ӨНГІМДІКТЕРІ ДЕЙІН АУЫСТЫРУҒА ТЫРС; 4. ПАРА БОПСАЛАСА БІРДЕН СЫБАЙЛАС НЕМҚОРЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТНЕ МҮГІН.

ҚАЙДА ҚОҢЫРАУ ШАЛУҒА БОЛАДЫ? ҚР барлық аймақтары үшін CALL-CENTER – 1424 ӨРБІР АДАМ өз шешімін ҚАБЫЛДАУҒА ЕРІКТІ, СІЗДІҢ НЕМҚЕСІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КІРС АЙТАРЫЛҒАЙТ АБАСЕҢДЕДІ.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР
• Кілем 2,5x3 10000 тт., Айна 37x115 аяғымен 5000 тт., Эг. плита 3 комф. «Льсыва» 10000 тт., Журнал стопы 10000 тт., шафка для телевизора 35000 тт. Тел: 87053345162, 87016675165.

ГАЗЕТ РЕДАКЦИЈАНЫҢ өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Директор – бас редактор Дархан Қабылдаулы МҰХАН. Тел: 877084201988

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ұлытау ауданы Қорғасын ауылының тумасы Шоқан әкемізді зейнетке шығу тойымен құттықтаймыз!



Сізге, анамыз Зейнеппен бақытты балаларыңыздың қызығын көріп, немере, шөбере сүйіңіздер. Туыс-туған арасында беделді, сыйлы, ардақты әкемізге зор денсаулық, еңбегіңіздің жемісін көріп, ортамызда ақылшы болып жүруіңізге тілектеспіз

Ізгі тілекпен, балалары, немерелері

АТАУЛЫ КҮН

9 ТАМЫЗ – ТАРИХТА



Бұл күн Дүниежүзілік кітапқұмарлар күні ретінде атап өтіледі. Бастауын АҚШ-тан алатын бұл мереке нақты қай жылы, қандай жағдайда белгіленгені туралы нақты ақпарат жоқ. Әлемнің көптеген елінде бұл күні оқырмандар кітапханаларға, кітап жәрмеңкелері мен дүкендерге баруды салтқа айналдырған.

Тарихта бұл күн Нагасакиге атом бомбасы тасталған күн ретінде белгілі. 1945 жылы 9 тамызда таңғы сағат 11-ден 2 минут өткенде Нагасакиге атом бомбасы тасталған болатын. Соның салдарынан 80 мыңға жуық адам зардап шекті. Осы күні Нагасакидағы Бейбітшілік монументі алдында құрбандарды еске алуға арналған іс-шаралар өтеді.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ТЕРЕКТІ ӘУЛИЕ ПЕТРОГЛИФТЕРІ



Қарағанды облысының Ұлытау ауданында ежелгі дәуірде тасқа қашалып сызылған суреттер мен петроглифтер жақсы сақталған Теректі әулие атты таңғажайып жер бар. Ол жер Жезқазғанның шығысынан 90 шақырым, ал Қарағанды облысының Теректі стансасының солтүстік-батысынан 20 шақырым жерде жатыр.

Теректі әулиедегі суреттердің көптігі мұнда ең алдымен табиғи апаттардан қорыққан халықтың күнге табынуы, жергілікті «рухтарды» ерекше қастерлеу, сиқырлық-магиялық рәсімдер жасау сияқты әрекеттерімен түсіндіріледі. Сол кездегі адамдар мен қоршаған ортаның қарым-қатынасы өзара түсіністікте деп байыпталған. Сондықтан олар өздерінің азғы үшін пайдаланған тирилік иелеріне асқан сыйластықпен қараған. Табиғатқа зиян келтіру Көк Төңіріснің қаһарына ұшыратады деп түсінген. Осындай түсінік кейінірек түркілер мен моңғолдардың дініне де негіз болып, олар адам баласы табиғат пен қоғамның тепе-теңдігін бұзбай, солармен бірге өмір сүруі керек деп түсінген. Баяғы психологаның бір журналы ретінде қазаққа қалған бір мінез, аңшылар аң ауласа: «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп көшіріп сұрайды. Киелі аңды атпауға тырысады, аң-құстың пірі бар деп санайды.

Теректі әулиеді бірінші рет ашқан бірі тұрған 12 текенің суреті бейнеленген. 12 саны – жаратылыста киелі санның бірі. Тастың шеті мүжілгендіктен суреттің шет жақтары дұрыс көрінбейді. Текелердің санын күнтізбеммен немесе адам баласының бір мүшелімен байланыстыруға болады. Ал екі бұғының суреті стилдік жағынан осы өңірдегі басқа суреттерден мүлде басқаша, оларда скифтік элементтер кездеседі. Аяғы шабылып қалған сияқты қысқа қылып сызылған жануардың тұмсығы едәуір ұзын, ал мүйіздері ағаштың бұтақтарына ұқсас бейнеленген. Осыған ұқсас суреттер Тыва Республикасындағы Мугур-Саргол тастарынан да табылған.

Теректі әулие жартасында мысық тұқымдас жыртқыштың жалғыз суреті бар. Суреттің салыну шеберлігі үлкен қызығушылық тудырады. Жартасқа сурет салғандар – бейнелеу өнерінің ең алғашқы өкілдері. Ежелгі суретшінің қиялынан туған жыртқыш жылқы мен мысық тұқымдасдардың қосындысынан шыққан. Бұл археолог, мәдениеттанушы ғалым Л.С. Клейн таңбалап айтқандай, «Кентаврлар уақытында», яғни есте жоқ ескі бір дәуірлерде туған синтез бейне болуы ғажап емес.

Оратылған жіңішке құйрығы мен үш тұяқты алдыңғы аяқтары образдың мазмұнын ашып тұрғандай. Ал денесінің қалған бөліктері тура жылқының дене бітімімен бірдей қылып салынған. Осыған ұқсас суреттер Алтай мен Моңғолиядағы тастардан да табылғандығын



атап өткен жөн. Сонымен қатар, Теректі әулиеден түсіндіруге келмейтін жұмбақ сурет те табылды. Онда бір шеңберден екі сызық шығады. Біреуі солтүстікке, екіншісі солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Яғни, кедімгі теледидардың антеннасына ұқсайды. Шеңбердің ортасында дөңсерткіш түйе бейнеленген, ал сызықтардың ортасында антропоморфтық жануарлар, екі крест, ал суреттің астында адам сызылған. Мұндай суретке ұқсас бейнелер Қазақстанның түрлі аумақтарында кездеседі. Олардың барлығы белгілі бір культтік сюжеттерге негізделген болуы мүмкін деген болжам ғана бар.

Теректі әулиенің ең биік шыңдарының бірінен ұзындығы 2,5 метр, ені 35 см болатын, тік түсетін тегіс сызық табылды. Ол халық арасында «Әулие сырғанағы» деген атпен белгілі. Бұл жолақ, бөлкім, Құс жолын меңейді немесе әлдебір салт-дәстүрге байланысты болар. Ертедегі адамдар космогонияны жақсы меңгерген, күн райының аспап шырақтарына тәуелді екенін білген.

Теректі әулиедегі іздер көптеген мифтер мен аңыздарға арқау болды. XI ғасырдағы атақты ғалым әл-Бирунидан қалған деректер бойынша тастағы іздер Әзірет Әли мен оның тулпары – Дүлдүлдің іздері көрінеді. Ал тағы бір тулпар басқан – аттың тұяғының іздері қалған жерді халық арасында «Тіріштің ізі» деп атайды. Сол жердің топырағын ел баласының жастығының астына салған. Сондай-ақ жас нәрестені қолмаңдырығанда да осы жердің топырағынан бір уыс алып, суға араластырады. Халық нанымдарында ат тұяғы тиген жердің топырағын дәрі ретінде де қолдануға болады. Алайда ол ат асқан жүйрік немесе сөйгілік болуы тиіс. Қазақстанның көптеген жерлерінде тасқа қашалып сызылған ат тұяғының іздері бар. Олар «тулпартас» деп аталады. Ә. Марғұлланның айтуынша, Сарыарқадағы Беғазы тауларында Манастың тулпары Аққұланның іздері бар көрінеді.

Теректі әулиенің материалдары өте маңызды әрі терен археологиялық қор құрады. Тасқа қашалған суреттерді зерттеу ежелгі тарихты тану үшін ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті мен рухани байлығын сезіну үшін де қажет.

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1979 жыл

- 22 қаңтарда Жезқазғанда шайбалы хоккейде «Алтын шайба» жүлдесі үшін жасөспірімдер арасында облыстық финалдық жарыс басталды.
Мамыр айында Ұлы Жеңістің 35 жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысына қатысқан жезқазғандықтар құрметіне Жеңістің 30 жылдығы көшесінің қапталындағы Көңір жасанды көлінің мүйісінде «Жауынгер жезқазғандықтар» монументі қойылды.
Маусым айында бірінші рет ақындар айтысы өтті.
13 маусымда «Союз-32» ғарыш кемесінің ұшу сапары аяқталды. Ол Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 291 километр жерге келіп қонды.
5 шілдеде Кәсіподақтардың облыстық кеңесінің IX пленумы болып өтті.
19 тамызда ғарышты 175 күн бойы бағындырып, Жезқазған қаласынан 170 км жерге қонған қос батыр В.Ляхов пен В.Рюмиді Жезқазған әуежайында қарсы алу салтанаты болды. Ежелгі дәстүр бойынша Жезқазған қаласының Құрметті азаматтары қатарына тағы да екі есім қосылды.
20 қыркүйекте Жезқазғанда қаржы қызметкерлерінің облыстық сләті өтті.
14 желтоқсанда Жезқазған қаласының таңбасы Жезқазған қаласының қала мәртебесін алғанына 25 жыл толуына орай Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №490/25 шешімімен бекіді. Герб сарғылт көгілдір түсті қалқан іспетті, шөміш келбетінде дайындалған. Бұл Сарыарқаның таусылмас байлығы – мыс тасқынын бейнелейді. Оның төменгі бөлігінде дала қызғалдағы салынған, бұл жастықтың символы және гербте мыстың химиялық белгісі бар. Оның астында көгілдір жүлдызды аспан бейнеленген. Өйткені, біздің қаламыз бүкіл әлемге космос айлағы ретінде белгілі.
Қазак КСР Мәдениет министрлігінің қаулысы бойынша мүгедектермен жұмыс жасауға мамандандырылған қалалық мекеме «Лира» мәдениет үйінің негізі қаланды.
Перзентханада патология бөлімі ашылды.
№7 академик Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейі №8 орта мектептен бөлініп жеке орта мектеп болып ашылды. Директоры Т. Байзақова болды.
Жезқазған сыра зауыты дайындайтын «Шахтерский» сырасына «Мемлекеттік сапа» белгісі берілді.
Жезқазған әуежайының екі экипажы Бүкілодақтық социалистік

- жарыс қорытындысында жарыс жеңімпазы атанды.
Жезқазған нан комбинатының қамыр ашыту бөлімшесі қайтадан реконструкцияланып, жаңадан «Х3М-300» машинасы орнатылды. Нан илеу бөлімшесінде жаңадан нан илейтін «Х-26» машинасы іске қосылды.
Жезқазған нан зауытының қазандығында көмірдің орнына мазут қолданылуға бастады.
Металлургиялық мәдениет сарайында Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрі өнер көрсетті.
Жезқазғанда қалалық сауда мекемесіне қарасты №7көкөніс-жеміс дүкені пайдалануға берілді.
М.Жәлел көшесі бойында №34 шаруашылық есептегі №7 азық-түлік дүкені пайдалануға берілді.
Павлодар қаласында тоғызыншы рет өткізілген телевизиялық «Жолдас» жастар бағдарламасы республикалық фестивалінің қорытындысы бойынша Жезқазған телевизиясының әзірлеген қазақ тіліндегі «Туған күн неге тойланбады?» атты публицистикалық фильмі жүлделі бірінші орынға ие болды.
Облыс орталығындағы тоқыма фабрикасының ұжымы өнім сапасын жақсартып, өндіріс тиімділігін арттыру үшін курсуде. Мұнда 426-модельді балалар гарнитурасына мемлекеттік «Сапа белгісі» тағайындалды.
Қаланың орталығында орналасқан аурухана қалашығында жаңадан №1 аурухана пайдалануға берілді. Онда құлақ, мұрын, тамақ және көз ауруларын емдейтін бөлімдер орналасты. Бірінші қабатында зертханалық қызмет көрсететін бөлім бар.
Жезқазған-Жәйрем-Қаражал бағыты бойынша автобус қатынасы ашылды.
Жезқазған қаласында Қазақстан ЛКСМ облыстық комитеті мен филателистердің облыстық қоғамының ұйымдастыруымен Ұлы Октябрьдің 62 жылдығына, ВЛКСМ-нің 61 жылдығына және Бүкілодақтық филателистер қоғамының төртінші съезіне арналған филателистердің облыстық VII көрмесі ашылды.
Журналистер одағы облыстық ұйымының III есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті.
Қаланың оңтүстігіндегі Бекболатсай елді-мекенінде орналасқан Озерная көшесі халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 8 маусымдағы №247/11 шешімімен Тайжан ақынның есімімен аталды.
Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді

ТУҒАН ЖЕР

Өңір тарихы – өнеге мен өсиет

«Арқаның Ақтоғайы» атты бұл кітап – Ақтоғай өңірінің өткені мен бүгінін түгел қамтыған төлқұжаты дерлік еңбек. Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Туған жер» бағдарламасын орындау барысында дүниеге келген кітаптардың қатарынан. Біздің қолға енді түскеніміз, 2018 жылы шыққан 512 беттік кітап – монографиялық зерттеуге құрылған, ол жағы талас тудырмайды. Сонымен қатар, орта тұсынан соңына қарай кітап энциклопедиялық жинақ іспетті өлкенің тау-тасы мен ұңғыл-шұңғылына дейін түгендей барады. Туған жердің әрбір шоқы, қыраты бүгін біз елей бермегенімізбен, ертеңгі ұрпақ үшін керек-ақ дүние. Олай болмаса, Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында өлкетану тақырыбына арнайы тоқталар ма еді? Ондағы тапсырмалардың орындалып жатқанын біз осындай зерттеулерден білеміз.




Алаштың қазынасында Ақтоғайдың тарихы тастағы таңбаларынан басталыпты бұл еңбекте. Бұған дейін Желтау, Бектаута тауларындағы тастағы таңбаларды естіп, біліп, суреттерден тамашалап жүрсек, мұнда соларға арнайы тоқталған. Көне өркениеттен сыр шертетін Беғазы мәдениеті жөніндегі деректер де біраз екішөліп, жүйеленіп берілгені байқалды. Дәл осындай Қанаттас моласы жөнінде бүгіндері кім біліп жатыр? Бұл тақырып та осы еңбекте өріс тапқан. Және әрбір тас мүсін сызыбаларымен ұсынғанын атап өткен ләзім.

Ақтоғай топырағының шежіре-баянын тас ғасырынан бастап бүгінге бір-ақ ежелген еңбектің ішінде не жоқ дейсіз?! Беғазы өркениетінен бері сыр тартатын алғашқы тараулар көбіне көп тарихи мен географиясына мән берген.

Тегінде, облыс көлеміндегі қай аудан, қала болсын, осындай реттілікпен тасқа басылып отырғаны – ел мен жердің тарихын байытып, арнасын кеңейте түсері сөзсіз. Біздің қолдағы бұл еңбекті де осы тұрғыдан бағалаған жөн шығар. Тас дәуірінен бері тасбақадай жылжып, жыланша жорғалап бүгінге өте шыққан уақыттың әр мезетін түгел қамту мүмкін емес. Дегенмен, тарих бетіне қатталған әр кезеңнің басты белгілері арқылы біз болашақ ұрпақты туған ел мен жердің қадір-қасиетіне жақындата түсеріміз анық. Соның ішінде адамзатпен бірге жасасып келе жатқан қазақ халқының жүріп өткен жолында Ақтоғай топырағының алар орнын айтып жеткізуді мұрат тұтқан және соның үдесінен шыға білген іргелі еңбектің бірі – бұл Там-тұмдаған осындай еңбектер арқылы өңір тарихының

өнегесіне қанып, танымдымызды байытамыз. Кітапта Түрік қағанаты, Қазақ хандығы дәуірлері тұсындағы Ақтоғай даласы, «Қазақ-Жоңғар қатынастары», XVIII-XIX ғасырлардағы көші-қон мәселесі, «Дәстүрлі қоғам, билер заманы» кезең-кезеңімен қамтылған. XX ғасырдағы Ақтоғай өңірінің келбетіне сала-сала бойынша тоқталғаны бірнеше тарауларға бөлінген тақырыптарынан-ақ байқалады. Біздің көзге оттай басылғаны – XX ғасырдан қалған ескі карта мен Тоқырауын көтерілісінің қыр-сыры хақындағы материалдар. Желтоқсан жаңғырығы да назардан тыс қалмапты.

Өңірдің өткенінен бүгінге дейінгі деректі жіпке тізіп, жинақтаушы авторлар – тарих ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы Темірғали Аршабеков, өлкетанушы Аманкелді Туғанбай және Мұратқан Қожахмет. XX ғасыр қойнауына Ақтоғай топырағының көзімен үңілгенде бір ғаламат қой, түсінгенге. Ақтоғай десе – Алаш, Әлихан Бөкейхан, Алаш десе Ақтоғай еске түсетіні екі-бастан бел-тілі жайт. Сондықтан, бұл өңірдің тарихи тулғаларын санап бітпейсіз. Әлихан Бөкейхан бабамыздан бері қайырғанның өзінде солай. Мемлекет қайраткерінен бастап, өнер, мәдениет саласының өкілдерін тізе берсе, жетеді. Қалай болған күнде, жалғыз Ақтоғай ғана емес, көз келген өңір тарихы – ұлт шежіресінің ажырамас бөлігі. Бүгіннің бел-



шегі. Алып діңгектің тереңнен тыныс тартып тұратын тамырлары. «Ауыл болсаң, қауым бол» деген қазақ халқының тарихи Ұлы Далаға қоныстанған ауыл-ауылдар мен аудандардан басталатынын түсіндіріп жатудың өзі артық шығар.
Жәнібек ӘЛИМАН
«Ortalyq Qazaqstan»



ДОМБАУЫЛ ҒҰРЫПТЫҚ ЕСКЕРТКІШІ

Кең байтақ Еуразия даласының алтын кіндігі – Ұлытау. Бұл өлкеден 600-ден астам көне ескерткіштер табылды. Ұлытау ауданы Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 58 шақырым қашықтықта, Қаракеңір өзенінің оң жағасында орналасқан Домбауыл көсенесі ғалымдардың пікірінше, Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыстардың бірі болып саналады. Домбауыл көсенесі ғұндар билеген кезде салынған деп есептеледі.

Аңыз бойынша бұл көсене ұлы сазгер және жауынгер Домбауыл құрметіне салынған екен оның болғаны тарих және мифпен (ертегі-аңызбен) ұштасады. Қазақ халқының аңыз-әфсанасында Домбауыл бағаналы найман руынан шыққан батыр. Домбауыл көзі тірсізде Жошы ханның сенімді серігі, сарай мергені болғанға ұқсайды. Домбауылдай батырдың атын асқақтатқан оның қос ұлы – Кет-Бұқа мен Кет-Бұқа заманында дәулескер күлші болған екен Домбауылдың ұлы Кет-Бұқа «Ақсақ құлан» күйінің авторы деген жорамалдар да бар. Ейгілі тарихшы Құрбанғали Халитұлының «Сегіз өзгіс» елінің қалай қалыптасқанын баяндағанда теріс таңбалы тайпа аты – Домбауыл болған.

Серік Ғабдуллиннің жазбалары бойынша Домбауыл батыр Шыңғыс ханның оң жақ тізесінен орын алған ықпалды адам ретінде айтылады. Домбауылдың қадіріне жетіп, оның қасиетін ұққан Шыңғыс хан оны үлкен ұлы Жошының қасына ақылыш етіп қосады. Домбауыл Шыңғыс ханның үнемі жанында ұстаған андасы, мергені екен. Хан саят құрып аңға шыққанда, Домбауыл әркез қасында болған. Бәйтерек басына

ілген күміс теңгені көздемей түсіретін ғаламат мергені айтулы батыр және домбыра мен қобыздан күмірлөтіп күй төгетін күйші, сазгер адам болған. Жошы ханды айғыр құлан теуіп, қайғылы қазаға ұшырағанда Домбауыл көк алмақ болып, құландарды Ұлытаудан 300 шақырым алшақ жатқан өзеніне дейін қуған деседі. Бір үйірден тек бес құлан қашып құтылған. Шудың сол тұсын ел «Бес құланың өткелі» деп атайды. Енді бір аңызда Домбауыл құс қанаты талардай кеңістікте ор қазып, жабайы құландарды қуып өкөп, сол орға құлатқан екен. Содан тек бес құлан аман құтылыпты. Қазақ даласында сол бес құланның қайта көбіейтін тұқым өсіпті. Бұл аңыздардың бірі – көшпелі өркениет пен киелі мекен Ұлытаудың ұрпақ жадынан жоғалмай сақталатын шежірелі тарихы.

Қазақ арасында мұндай киіз үйге ұқсата сатып барып құмбезделген тас кенелерді «қойтас», «дін» деп те атаған бұлар әр аймақтарда белгілі және Орталық Қазақстан өңірінде Торғай өзенінің бойына кең тараған. Жалпы мұндай көсенелер ежелгі кезде көшіп-қонып жүрген жолаушы қазақтар үшін түнемейтін орын болған. Қазақ дүниетанымында жын-шайтан ұялайтын ескі тамға қонуға болмайды, ал ескі зиратқа түнеуге болады. Мазарларға түнеп, сосын өзінен кейін келетін жолаушы үшін мазар ішін тазалап кетіп отырған. Қазақ халқы мазарды қасиетті – теріс, қара күштерден таза жер деп санаған. Кие тұтып, қол шайатпаған.

«Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары», «Фолиант» баспасы, Астана – 2017



УLY DALA HYPERMARKET

ТҮНГІ ЖЕҢІЛДІКТЕР 10 тамыз сағат 20.00-ден 11 тамыз сағат 03.00-ге дейін

ТАУАРЛАРДЫ 50% ЖЕҢІЛДІКПЕН САТЫП АЛУҒА ШАҚЫРАМЫЗ «УLY DALA» гипермаркеті 10 тамыз сағат 20.00-ден 11 тамыз сағат 03.00-ге дейін Жеңілдіктер түнін жариялайды. Баршаңызды тауарлардың кең ассортиментін 50 пайызға дейінгі жеңілдікпен сатып алуға шақырамыз!